

2023 жылғы 01 ақпандағы
№ X/07-пр бұйрықтың
№ 1 қосымшасы

ЕРЕЖЕ

**«ҚАЗАҚМЫС КОРПОРАЦИЯСЫ»
ЖШС ТАУАРЛАРДЫ,
ЖҰМЫСТАРДЫ ЖӘНЕ
ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ
САУДА-САТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
ТУРАЛЫ**

2018 жылғы 05 қантардағы
№ 1 бұйрықпен бекітілген
«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС
электрондық сауда-саттық жүйесі
туралы ереженің орнына
енгізілген

2023 жылғы 01 ақпандағы № X/07-пр бұйрықпен бекітіліп, қолданысқа
енгізілді.

Енгізу күні 2023 жылғы 01 ақпан

1. Қолдану саласы

Осы «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді электрондық сауда-саттық жүйесі (бұдан әрі – ЭСЖ) туралы ереже ЭСЖ-да сауда-саттықтың әрекет ету, оны өткізу және ұйымдастыру тәртібін реттейді, сондай-ақ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 213-бабы 1-тармағы 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданусыз сатып алуды жүзеге асыратын жүйе құруши кәсіпорындар мен жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындар үшін тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау және/немесе қызметтерді көрсету (бұдан әрі – ТЖК) рәсімдеріне қойылатын талаптарды (шарттарды жасау және орындау, ЭСЖ-да қатысушыларға үміткерлерді/қатысушыларды тіркеу/қайта тіркеу), сонымен қатар ТЖК электрондық сауда-саттықты қамтамасыз етумен байланысты өзге ережелерді қамтиды.

2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы ережеде тиісті анықтамалармен келесі терминдер қолданылады:
ЭСЖ – басқа қатысушыларымен/үміткерлермен ЭСЖ үlestes қатысушы/үміткер – шешімді тікелей және (немесе) жанама анықтауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімдеріне, сонымен қатар жасалған мәмілелеге қарай ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар. ЭСЖ қатысушыларына үlestes кандидаттар/қатысушылар:

- құрылтайшы, өкіл, директор;
- жақын туыстықта тұратын жеке тұлға (ата-анасы, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, туған және алыс ағалары, әпкелері, аталары, әжелері, немерелері, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) жақын туыстары болып табылады;
- филиалдар, еншілес кәсіпорындар.

Рұқсатты бұғаттау – ЭСЖ қатысуышыға рұқсаттың шектелуі.

Сатып алу – корпорацияның ЭСЖ арқылы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 213-бабы 1-тармағы 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданусыз сатып алуды жүзеге асыратын жүйе құруши кәсіпорындар мен жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындар үшін өз қаражатының есебінен тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау және/немесе қызметтерді көрсету.

Тапсырыс беруші – осы ережеге және «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС ішкі жергілікті актілеріне сәйкес «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 213-бабы 1-тармағы 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданусыз сатып алуды жүзеге асыратын жүйе құруши кәсіпорындар мен жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындар үшін тауарларды сатып алуды, жұмыстарды орындауды және/немесе қызметтерді көрсетуді бастамалайтын «Қазақмыс» Тобының компаниясы.

Ұсыныстарды сұрау – электрондық сауда-саттыққа шығару үшін Dynamics АЖ-да қалыптастырылған, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері болып табылатын «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нде ЭСЖ қатысуышыларына үміткерлерді/қатысуышыларды тіркеу/қайта тіркеу жөніндегі нұсқаулық – корпорацияның ЭСЖ қатысуы үшін Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері болып табылатын «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС ЭСЖ қатысуышыларына үміткерлерді/қатысуышыларды тіркеу/қайта тіркеу тәртібін белгілейтін, осы ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын құжат.

Сайт – <http://umts.kazakhmys.kz/> бірегей атаяуы (Интернет желісінде мекенжайы) бар, корпорацияның жеке меншігі болып табылатын, интернет желісіне қосылған кез келген компьютерден көргөтегендегі болатын Интернет желісіндегі ақпараттық кеңістіктің бөлігі.

Шығару – ЭСЖ қатысуышыларынан шығару, ЭСЖ қатысуышынына рұқсат құқығынан айыру.

Қатысуышыларға үміткер – Қазақстан Республикасының резиденті немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын ЭСЖ қатысуышы ретінде тіркелуге ниетті жеке немесе занды тұлға.

Қазақстандық жұмыстарды, қызметтерді өндіруші – Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, халықты жұмыспен қамту және халықтың көші-қоны туралы Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес

корпоративішлік ауыстыру шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын басшылар, менеджерлер және мамандар санын есепке алмай, жұмыскерлердің жалпы санынан кемінде тоқсан бес пайызына Қазақстан Республикасы азаматтарын тартатын, жеке көсіпкер және (немесе) заңды тұлға.

Лот – электрондық сауда-саттықта шығарылған ТЖҚ атауы.

Бөлінбейтін лот – электрондық сауда-саттықта бөлуге жатпайтын бірыңғай лоттарды тапсырыс беруші бір өтінімге біріктіретін шарт/ белгі. Қатысуши баға ұсынысын өтінімнің лотының әр позициясына және барлық көлеміне енгізеді.

ҚР бейрезиденті – Қазақстан Республикасында әрекет ететін, бірақ басқа мемлекетте тұрақты тіркелген және тұратын жеке немесе заңды тұлға.

Жаңа тауар-материалдық құндылық (ТМҚ) – корпорацияға келіп түсken сәтінде пайдалануда болмаған, құрамында қалпына келтірілген немесе пайдалануда болған бөлшектер немесе тораптар жоқ, зауыт орамасында, зауыттық сақталуымен, техникалық құжаттамасы бар және заңнамамен және/немесе әзірлеуші зауыттың аталған тауар түріне қарастырған сақтау мерзімінің жартысынан аспайтын мерзімде сақтауда болған ТМҚ.

Жалпы қол жетімді тауар топтары/кіші топтары – ЭСЖ-да жаңадан тіркелген қатысуышыға, сондай-ақ ЭСЖ-да қайта тіркеу ресімінен өткен қатысуышыға «әзірлеуші зауыт» және/немесе «әзірлеуші зауыттың ресми өкілі» компания мәртебесін міндettі түрде растаусыз жалпы негіздерде ЭСЖ-ға рұқсат берілетін ЭСЖ топтарының/кіші топтарының тізбесі. Жалпы қол жетімді топтар тізбесі корпорацияның Тауар комиссиясының шешімімен бекітіледі де сайтта жарияланады.

Қайта тіркеу – Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері болып табылатын «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС ЭСЖ қатысуышыларына үміткерлерді/қатысуышыларды тіркеу/қайта тіркеу жөніндегі нұсқаулықта белгілеген.

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Электрондық сауда-саттық жүйесі туралы ережесі – Қазақстан Республикасы резиденттері, бейрезиденттері болып табылатын және ЭСЖ қатысуышылары ретінде тіркелген жеке және заңды тұлғалардан «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 213-бабы 1-тармағы 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданусыз сатып алуды жүзеге асыратын жүйе құрушы көсіпорындар мен жер қойнауын пайдаланушы көсіпорындар үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға өтінімдер бойынша ЭСЖ ұйымдастыру және жүргізу тәртібін реттеуші құжат.

Үнсіз келісім бойынша жабдықтаушы – егер электрондық сауда-саттық барысында өзге жабдықтаушы жеңімпаз болып анықталмаған болса, оңтайлы коммерциялық ұсынысты ұсынған, шарт жасалатын жабдықтаушы. Үнсіз келісім бойынша жабдықтаушы ЭСЖ тіркелген қатысуышы, сондай-ақ СҰ мамандары пысықтаған, өзге жеке (занды) тұлға (ЭСЖ қатысуши ретінде тіркелмеген) болуы мүмкін.

Хаттама – электрондық сауда-саттық қорытындысы бойынша тауарды жеткізуге немесе жұмысты орындауға/қызметті көрсетуге жеңімпаз жабдықтаушыны таңдау бойынша Тауар және Тендерлік комиссия қабылдаған шешімдерді, сонымен қатар ЭСЖ қатысушыларына үміткерлерге, қатысушыларына және ЭСЖ қызмет етуіне қатысты шешімдерді көрсететін осы Ережемен белгіленген нысандағы ішкі құжат.

Қатысушы ретінде ЭСЖ-не тіркеу – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС электрондық сауда-саттығына қатысу және ЭСЖ қатысушы мэртебесін алу үшін рұқсат құқығын алу мақсатында ҚР резиденті немесе ҚР бейрезиденті болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері болып табылатын «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС ЭСЖ қатысушыларына үміткерлерді/қатысушыларды тіркеу/қайта тіркеу жөніндегі нұсқаулықта белгіленген құжаттарды беру рәсімі.

ҚР резиденті — Қазақстан Республикасында тіркелген және оның заңнамасына толықтай бағынатын жеке немесе заңды тұлға.

Регламент – 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № X/169-пр бұйрықпен бекітілген, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тауарлық-материалдық құндылықтар мен жабдықтарды бір орталықтан сатып алуларды жүзеге асыратын (ERP Microsoft Dynamics 365жүйесін қолданысқа енгізуі ескере отырып) «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС басқаруындағы заңды тұлғалардың және «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС үlestес тұлғаларының тауарлық-материалдық құндылықтар мен жабдықтарды бір орталықтан сатып алуларды жүзеге асыру регламенті.

2020 жылғы 30 шілдедегі № X/141-ПР бұйрықпен бекітілген, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жұмыстар мен қызметтерді бір орталықтан сатып алуларды жүзеге асыратын (ERP Microsoft Dynamics 365жүйесін қолданысқа енгізуі ескере отырып) «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС басқаруындағы заңды тұлғалар және «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС үlestес тұлғалары үшін жұмыстар мен қызметтерді бір орталықтан сатып алуларды жүзеге асыру регламенті (бұдан әрі – ЖменК регламенті).

Жүйе құруши қәсіпорындар – өнімдері, жұмысы немесе қызметтері «Қазақмыс» Тобы компаниясының тіршілігін қамтамасыз ету үшін не дайын өнімін шыгару жүйесінің жұмыс істеуі үшін маңызды, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асырмайтын, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу олардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарды орындау жөніндегі міндеттемелеріне кірмейтін, сондай-ақ өндірілген қатты пайдалы қазбаларды бастапқы өндеу (байыту) жөніндегі қызметті жүзеге асырмайтын, келісімшартта ілеспе ретінде көзделген қызметпен айналысатын (мыс балқыту зауыттары, қосалқы, сервистік өндірістер және т. б.) «Қазақмыс» Тобы компаниясының филиалдары, кешендері, қәсіпорындары, қызметтері және өзге де құрылымдық бөлімшелері (әкімшілік-басқарушылық құрылымдық бөлімшелерді қоспағанда).

Сатып аулар бойынша маман – «Қазақмыс» Тобының компаниялары үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын СҮ жауапты маманы.

Тендерлік өтінім – электрондық сауда-саттықта шығару үшін СҮ мамандары қалыптастырған, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 213-бабы 1-тармағы 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданусыз сатып алуды жүзеге асыратын жүйе құруши кәсіпорындар мен жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындар үшін жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге өтінімдер.

Тендерлік комиссия – ТЖҚ ЭСЖ арқылы, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 213-бабы 1-тармағы 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданусыз сатып алуды жүзеге асыратын жүйе құруши кәсіпорындар мен жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың өтінімдері бойынша жұмыстарды және/немесе қызметтерді сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Басқарма төрағасының немесе Холдингтің Директорлар кеңесі төрағасының бүйрекшімен құрылған алқалық орган.

Улгілік шарт – «Қазақмыс» Тобының компаниясы мен хаттаманың негізінде электрондық сауда-саттық нәтижесі бойынша жеңімпаз деп танылған ЭСЖ қатысушысының арасында жасалған, ережемен алдын ала белгіленген және бекітілген улгілік нысан бойынша азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісім.

Тауарлық комиссия – қорытынды шығаруды және ТМҚ жеткізуғе өтінімдер бойынша электронды сауда қорытындысын қарауды, ТЖҚ ЭСЖ қызметін бақылауды жүзеге асыратын Корпорацияда құрылған және тұрақты мүшелерден тұратын алқалық орган.

Қатысушы – ЭСЖ-ға рұқсаты бар және ЭСЖ қатысушысы ретінде тіркелген жеке немесе заңды тұлға.

Сараптамалық топ – Тапсырыс беруші және/немесе сатып ауларды ұйымдастырушы белгілеген біліктілік талаптарына әлеуетті жеткізушілердің сәйкестігіне КК/ТК-ға кеңес беру-ұсыну сипатындағы өз қорытындысының ұсынатын, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Басқарма төрағасының бүйрекшімен құрылған орган.

Электрондық сауда-саттық – осы Ережеге сәйкес тауарды жеткізу, жұмысты орындау немесе қызметтерді көрсетудің ең жақсы шарттарын ұсынған тұлға жеңімпаз болып танылатын, <http://umts.kazakhmys.kz/> веб адресі бойынша интернет желісінде on-line нақты уақыты режимінде Корпорация ұйымдастыратын және өткіzetін сауда-саттық.

Осы ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

Incoterms 2010/2020 (International commerce terms) – сыртқы сауда саласында сауда терминдерін ерекше кеңінен пайдаланылатын бір мағыналы түсінік беруді қамтамасыз ететін сөздіктің үлгісіндегі халықаралық ереже, ең алдымен франкоға қатысты сатушыдан сатып алушыға жауапкершіліктің ауысу орны. Халықаралық сауда терминдері 2010 жылы түзетулер қамтылған

алдын ала халықаралық танылған құжатта анықталған халықаралық сатып алу - сату шарттарының стандартқа сәйкес шарттары қамтылады.

DDP (ағылш.: *Delivered, Duty Paid*, «жеткізілді, баж салығы төленді») - ТМҚ жеткізу, келу орнын көрсетүмен қолданылады; сатушының жауапкершілігі сатып алушы еліндегі өтінім бойынша көрсетілген орнына тауар жеткізілгеннен кейін аяқталады.

DAP (ағылш. «*delivered at point*») – шартта көрсетілген пайдалану орнына жеткізу, импорттық баж салығы және жергілікті салықтар сатып алушымен төленеді.

П/б ТМҚ – құрамында қалпына келтірілген немесе пайдалануда болған бөлшектер немесе тораптар бар немесе пайдалануда болған тауарлық-материалдық құндылықтар.

КД – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Қауіпсіздік департаменті.

НТЖБД – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Нарықты талдау және баға белгіленімі департаменті.

Корпорация – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС.

ҚКС – қосылған құнға салық.

ЭСБ – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС СҮ электрондық сауда-саттық бөлімі.

ҚР – Қазақстан Республикасы.

СҮ – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Сауда Үйі.

ТМҚ – тауарлық-материалдық құндылық.

ТЖК – тауарлар, жұмыстар және қызметтер.

ЖмҚ – жұмыстар мен қызметтер.

ЭСЖ – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тауарлар, жұмыстар және қызметтерді электрондық сауда-саттық жүйесі.

ЖмҚБОСБ – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Жұмыстар мен қызметтерді бір орталықтан сатып алу басқармасы.

Холдинг – «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС.

КД – Холдингтегі KazDocuments электронды құжат айналымы жүйесі.

3. ЭСЖ туралы жалпы ережелер

3.1 ЭСЖ келесі қагидаларды сақтай отырып әрекет етеді:

- сатып алу үрдісінің жариялышы мен айқындығы;
- әлеуетті жеткізушілердің арасында әділ бәсекелестік.

3.2 ЭСЖ қатысуға үміткер ЭСЖ-ға қатысушы ретінде тіркелуге тілек білдірген жағдайда, ол www.umts.kazakhmys.kz – сайтындағы «Құжаттар» қосымшасында осы Ережемен танысу жолымен осы Ережеде, сондай-ақ оның барлық қосымшаларында айтылған талаптарды қабылдайды (келісімін білдіреді).

3.3 Ережеде Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері болып табылатын «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС электрондық сауда-саттық жүйесінің қатысушыларына үміткерлерді/қатысушыларды тіркеу/қайта тіркеу жөніндегі нұсқаулық

(А қосымшасы, бұдан әрі – Нұсқаулық) және осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын аталған құжаттардың барлық қосымшалары (Б - И қосымшалары) қамтылады.

3.4 Осы Ереже оны Холдингтің Директорлар кеңесінің төрағасы бекіткен күннен бастап қолданысқа енеді.

3.5 Осы Ереженің әрекеті аталмыш ереже күшіне енгенге дейін тіркелген ЭСЖ қатысушиларына да тарайды.

Егер Холдингтің Директорлар кеңесінің төрағасы ережені бекіткен күннен бастап осы ереже күшіне енгенге дейін тіркелген ЭСЖ қатысушисы осы ережеде айтылған шарттармен және талаптармен келіспейтін болса, онда осы ереже күшіне енген және сайтта жарияланған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы Тауарлық/Тендерлік комиссияға жазбаша хабарлауға міндетті және Тауарлық/Тендерлік комиссияның шешімі бойынша ЭСЖ мүндай қатысушисы ЭСЖ қатысушилары қатарынан шығарылады.

4. ЭСЖ басқару органдары

4.1 ЭСБ ЭСЖ басқарушылық функцияларын орындаушы орган болып табылады Органом, выполняющим управленческие функции в СЭТ, является ОЭТ.

4.2 Тауарларды жеткізуге өтінімдер бойынша электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша корпорацияның Тауарлық комиссиясы, жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге өтінімдер бойынша корпорацияның Тендерлік комиссиясы қорытындыларды шығаруды және жеңімпазды таңдауды жүзеге асыратын орган болып табылады. Тендерлік комиссияның жұмыс тәртібі [1] регламентпен анықталған.

4.3 Өз функцияларын жүзеге асыру кезінде комиссиялар ҚР қолданыстағы заңнамасын, осы ережені, Корпорацияда және/немесе Холдингте шығарылған және қолданыстағы жергілікті актілерді басшылыққа алады.

4.4 ЭСБ ЭСЖ-да электрондық сауда-саттықты өткізууді қамтамасыз етуді, ЭСЖ қызметін және ЭСЖ қатысушиларының, сондай-ақ ЭСЖ жұмысы мен әрекет етуін қамтамасыз ететін бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың осы ережені сақтауын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

4.5 Орындаушылық санатын өзгерту бөлігінде ЭСЖ қатысушисына қатысты жоғарылату/төмендету, жоғарылатудан/төмендетуден бас тарту, қатысушилар қатарынан шығару/ЭСЖ қатысушисы ретінде қалпына келтіру, ЭСЖ-ға қатысады бұғаттау, ЭСЖ-ға кіруді бұғаттан шығару, компания мәртебесін беру/алып тастау, ЭСЖ-ға кіруді ашу/жабу сияқты шешімдерді, сондай-ақ осы Ережені және оның қосымшаларын орындауға байланысты өзге де шешімдерді тауарларды жеткізуге өтінімдер бойынша Тауарлық комиссия, жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге өтінімдер бойынша Тендерлік комиссия қабылдайды.

4.6 ЭСЖ қатысушыларына қатысты 4.5-тармақта көрсетілген әрекеттерді ЭСЖ бағдарламалық өнімдерінде Тауарлық/Тендерлік комиссия шешімінің негізінде ЭСБ маманы жүзеге асырады.

5. ЭСЖ ақпараттық қамтамасыз ету

5.1 ЭСЖ ЭСБ, ЭСЖ қатысушылары, ЭСЖ қатысушысы мәртебесін алуға үміттенуші қатысушыға үміткерлер және Тауарлық/Тендерлік комиссия арасында электронды өзара әрекеттесу арқылы жұмыс істейді.

5.2 Корпорация интернет желісінде жеке <http://umts.kazakhmys.kz/> интернет-сайтын (бұдан әрі – сайт) ұйымдастырды, онда жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге, сондай-ақ кез келген өзге де ақпарат «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 213-бабы 1-тармағы 1), 2), 3) және 5) тармақшаларының нормаларын қолданусыз сатып алушы жүзеге асыратын, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС бір орталықтан сатып алушарды жүзеге асыратын «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС басқаруындағы және/немесе «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС үлестес жүйе құруышы кәсіпорындар мен жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорындардың тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және/немесе қызметтерді көрсетуге өтінімдері, ақпараттық сипаттағы хабарламалар, ЭСЖ-ға қатысушыларға/ЭСЖ-ға қатысушы мәртебесін алуға үміттенуші үміткерлерге қойылатын жекелеген талаптар, байланыс ақпараты, Тапсырыс берушінің жүйе құруышы кәсіпорындарының жұмыстарды орындауға/қызмет көрсетуге өтінімдері бойынша хабарландыру тақтасы, сондай-ақ кез келген басқа ақпарат орналастырылады.

5.3 Осы ережеге сәйкес тіркелген ЭСЖ қатысушылары ғана Корпорация сайтында тауарларды жеткізуге және жұмыстарды орындауға және/немесе қызметтерді көрсетуге өз ұсыныстарын орналастыруға құқылы.

5.4 Қажет жағдайда, тауарды жеткізуге және/немесе жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге өтінімнің әрекеті аяқталғанға дейін СҮ жазбаша өтінішінің негізінде ЭСБ (Корпорацияның Цифрландыру қызметінің сұрауы бойынша) ЭСЖ-да электрондық сауда-саттықтан тиісті тапсырысты қайтаруға/алып тастауға құқылы.

5.5 ЭСЖ қатысушыларына және қатысушыларына үміткерлерге ресми сайтта рұқсатты бұғаттайтын техникалық немесе өзге де кемшиліктер және/немесе электрондық сауда-саттықтың жабылу күніне байланысты өзгертулер туындаған жағдайда, өзгертулердің және/немесе туындаған кемшиліктердің себебін көрсетіп, корпоративтік байланыста, интернет желіде іркілістер және өзге күтпеген мән-жайлар болмаған кезде, ресми сайтта орналастырылуы тиіс ақпаратты ЭСБ сұратуы бойынша Цифрландыру қызметінің мамандары орналастырады.

6. ЭСЖ қатысушыларды тіркеу және жіктеу тәртібі

6.1 ЭСЖ қатысушыларын тіркеу/қайта тіркеу тәртібі нұсқаулықта (А қосымшасы) анықталған.

6.2 ЭСЖ қатысушылары ретінде тіркеу/қайта тіркеу үшін жеке және заңды тұлғаларға қажетті барлық ақпарат сайтта орналастырылған.

6.3 Тіркеу/қайта тіркеу рәсімі (күжаттарды тексеру, мәліметтер базасына енгізу, деректерді келісу және корпоративтік бағдарламаларға енгізу), сондай-ақ қатысушыларды есепке алуды Корпорацияның уәкілетті құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп ЭСБ жүзеге асырады.

6.4 Тіркелген қатысушыларға қатысты ЭСЖ-да атқарушылық дәрежесі бойынша келесі бөліктеу белгіленген:

а) нөлдік санатқа кемінде алты айда қатысушы ретінде ЭСЖ қайтадан (алғашқы) тіркелген ЭСЖ қатысушылары жатады;

б) бірінші санатқа Тапсырыс берушімен жасасқан шарттары бойынша тауарды уақытында жеткізбеу, жұмыстарды орындамау, қызметтерді көрсетпеу және/немесе шарттың талаптарымен саны мен сапасы бойынша қарастырылған талаптарға сәйкеспейтін тауарлар жеткізу, қызметтер көрсету, жұмыстар орындау фактісі, сондай-ақ осы ережені орындау кезінде бұзушылықтар болмаған қатысушылар жатады;

в) екінші санатқа Тапсырыс берушімен жасасқан шарттары бойынша тауарды уақытында жеткізбеу, жұмыстарды орындамау, қызметтерді көрсетпеу және/немесе шарттың талаптарымен саны мен сапасы бойынша қарастырылған талаптарға сәйкеспейтін тауарлар жеткізу, қызметтер көрсету, жұмыстар орындау фактісі, сондай-ақ осы ережені орындау кезінде бұзушылықтар бір ретten артық емес болған қатысушылар жатады;

г) үшінші санатқа Тапсырыс берушімен жасасқан шарттары бойынша тауарды уақытында жеткізбеу, жұмыстарды орындамау, қызметтерді көрсетпеу және/немесе шарттың талаптарымен саны мен сапасы бойынша қарастырылған талаптарға сәйкеспейтін тауарлар жеткізу, қызметтер көрсету, жұмыстар орындау фактісі, сондай-ақ осы ережені орындау кезінде бұзушылықтар бірнеше рет болған қатысушылар жатады.

6.5 ЭСЖ қатысушылары келесі талаптарға сәйкес болғанда «Компания мәртебесі» бойынша келесі санаттарға бөлінеді:

а) «А» – тауар өндірушілер, жабдықты әзірлеушілер;
б) «Б» – тауар өндірушілердің ресми өкілдері (дилерлері/дистрибуторлері) және Сауда үйлері;

в) «А», «Б» мәртебесі жоқ ЭСЖ қатысушысы (әзірлеуші зауыттың және/немесе дилердің / дистрибутордің, өкілдің растаушы қүжаттарын ұсынбаған).

6.5.1 ЭСЖ қатысушылары «Компания мәртебесі» бойынша «А», «Б» немесе «А»/«Б» санатын тағайындау және тауар топтарына/кіші топтарына тиісті рұқсат ашу үшін нұсқаулықтың 5-бөліміне сәйкес қүжаттар ұсынуы тиіс.

7. ЭСЖ электрондық сауда-саттықты ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

7.1 Тауар жеткізуге өтінімді қалыптастыру және ЭСЖ-да орналастыру

7.1.1 Тапсырыс беруші үшін ЭСЖ арқылы ТМҚ сатып алу қажеттілігі туындаған жағдайда СҮ-нің сатып алу бойынша мамандары корпоративтік бағдарламада ТМҚ жеткізуге тиісті ұсыныстарды сұратуды қалыптастырады.

7.1.2 Тауарларды жеткізуге ұсыныстардың сұратуларын сайтта орналастыруды ЭСБ жүзеге асырады.

7.1.3 Сауда Уйінің сатып алу бойынша маманы корпоративтік бағдарламада ТМҚ жеткізуге ұсыныстардың сұратуларын құрғаннан және корпорацияның уәкілетті қызметтері Корпорацияның және/немесе Холдингтің ішкі жергілікті актілерге сәйкестігіне тексергеннен кейін ЭСБ маманы сауда-саттықтың басталу күні мен сауда-саттықтың жабылу күнін көрсетіп ЭСЖ-да ұсыныстарды сұратуды орналастырады.

7.1.4 ЭСЖ-да тауарларды жеткізуге ұсыныстардың сұратулары қол жеткізу алдында ұсынылған құжаттарға сәйкес дифференцияланған тауар топтары мен кіші топтары бойынша бөлінеді.

7.1.5 ҚР белгіленген заңнамалық актілеріне сәйкес салық салынбайтын белгілі тауар түрлерін қоспағанда, тауарға базалық бағасына электрондық сауда-саттыққа шығарылған кезде ҚҚС сомасы кіреді.

7.1.6 ТМҚ сатып алуға ұсыныстардың сұратулары ЭСЖ-да Incoterms 2010/2020 сәйкес сатып алушының DDP франко-қоймасы жеткізу шарттарында орналастырылады.

7.1.7 ЭСЖ қатысуышылары ЭСЖ қатысуышысы ретінде тіркеуге өтінімді құра отырып келесі талаптарда тауарларды жеткізуді жүзеге асырады және қабылдан алады:

а) ҚР резиденттері - Incoterms 2010/2020 сәйкес сатып алушының DDP франко-қоймасы және электрондық саудада қатысуышылар көрсеткен ұсыныстар сатып алушының DDP франко-қоймасы талаптарында болуы керек;

б) ҚР бейрезиденттері - Incoterms 2010/2020 сәйкес сатып алушының DAP және электрондық сауда-саттықта қатысуышылар көрсеткен ұсыныстар таңдалған жеткізу шарты бойынша берілуі тиіс.

в) EXW – Incoterms 2010/2020-ға сәйкес және электрондық сауда-саттықта қатысуышылар ұсыныстарда көрсеткен бағалар EXW шарттарында болуы тиіс.

7.1.8 СҮ-нің бір жеткізуіден өтінімнің барлық лоттары мен барлық көлемін сатып алу қажеттілігі туындаған жағдайда Корпорацияның және/немесе Холдингтің ішкі жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес ЭСЖ-да «Бөлінбейтін тендер», «Бөлінбейтін лот» белгісімен сұраныс орналастырылады.

7.2 Жұмысты орындауға және қызмет көрсетуге өтінімдер

7.2.1 Қажеттілік туындаған жағдайда KD арқылы ЖмҚБОСБ сұратуы арқылы ЭСБ маманы сайтта жұмыстар мен қызметтерді жоспарланған сатып алу туралы (қабылдау мерзімін, олардың коммерциялық ұсыныстарын, жұмыстардың немесе қызметтердің қысқаша сипаттамасын, жауапты маманың байланыс деректерін және т.с.с. көрсетумен) хабарлама орналастырады.

7.2.2 Жұмыстарды және/немесе қызметтерді сатып алуға өтінімдерді сайта орналастыруды ЭСБ жүзеге асырады.

7.2.3 Электрондық сауда-саттықта шығару кезінде ЖК базалық бағасына, ҚР белгіленген заңнамалық актілеріне сәйкес ҚҚС салынбайтын ЖмҚ нақты түрлерінен басқа, ҚҚС салық сомасын қосады.

7.2.4 Тендерлік өтінім құрылған және тексерілгеннен кейін осы өтінім оның әрекет ету мерзімі көрсетіліп ЭСЖ орналастырылады.

7.2.5 Жұмыстарды орындауға немесе қызмет көрсетуге өтінімдер ЭСЖ-ға лотқа сатып алынатын ЖмҚ бағасымен қоса салымды, салықты, кедендей баж салығын төлеуді, сондай-ақ осы ереженің 7.2.3-т. және ҚҚС есебімен, қызмет көрсету, жұмыстарды орындау талаптарында қарастырылған басқа да шығындарды қосу есебімен орналастырылады.

7.2.6 Қатысушылардың баға ұсынысын беру үшін жұмыстарды орындауға немесе қызмет көрсетуге өтінімдердің ЭСЖ-да болу уақыты сайтта өтінімді орналастыру сәтінен бастап кемінде бес жұмыс күнін және қайта шығару кезінде техникалық ерекшелікке, жұмыс көлеміне немесе қызмет көрсетуге түзетулер болмаған жағдайда тендерлік өтінім бойынша қайталама саудаларды өткізу кемінде екі жұмыс күнін құрайды.

Қажет жағдайда, Тендерлік комиссияның төрағасымен келісім бойынша сауда-саттықты өткізу мерзімі бес жұмыс күнінен кем болуы мүмкін.

7.2.7 ЭСЖ қатысушысы жұмыстарды орындауға және/немесе қызметтерді көрсетуге өтінім бойынша баға ұсынысын енгізген жағдайда осындай ЭСЖ қатысушысы сауда-саттықты аяқтау қүніне Астана қ. уақыты бойынша 14.00 сағаттан кешіктірмей жұмыстарды орындауға және/немесе қызметтерді көрсетуге өтінімде көрсетілген OET@kazakhmys.kz электрондық поштаға техникалық ерекшелікке сәйкестігін растайтын мұрағатталған құжаттарды жолдауы қажет (бір хатты салу 10 Мб-тан аспау керек).

7.3 Электрондық сауда-саттықты өткізу

7.3.1 ЭСЖ кірген қатысушы келесі өтінім бойынша өзінің баға ұсынысын орналастыруға құқылы:

а) ТМҚ жеткізуге тиісті ұсыныстар сұранысына сәйкес тауарды жеткізуға тек рұқсаты бар ТМҚ топтары бойынша, сондай-ақ жалпы қолжетімді тауарлық топтар/кіші топтар бойынша;

б) жұмыстарды орындауға және/немесе қызметтер көрсетуге.

Бұл ретте қатысушының жоғарыда көрсетілген баға ұсынысы сауда-саттық аяқталған және женімпаз анықталған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде немесе электрондық сауда-саттық қорытындысы бойынша женімпаз

болып анықталған қатысушының ұсынысы қайтарылған және тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге жазбаша келісімді ұсыну шартында, лот бойынша жеңімпаздан кейінгі қатысушылардың баға ұсыныстарын қараған жағдайда одан көп мерзім ішінде жарамды.

7.3.2 Кез қелген қатысушы ЭСЖ-не шынайы ақпаратты енгізуге және ұсынуға міндettі.

7.3.3 Сауда-саттықты өткізу кезінде қатысушылар бағаны келесі жағдайларда төмендете алады:

7.3.3.1 Тауарды жеткізуге сұрау салу бойынша 0%-дан, бірақ тауардың базалық бағасынан 10%-дан аспайтын, яғни қатысушының бағаны төмендетудің ең жоғары қадамы сайттағы ұсыныстардың тиісті сұрау салуында көрсетілген тауардың базалық бағасынан 0%-дан 10%-ға дейін құрайды.

Қатысушылардың кез келгенінің ұсынған тауар бағасын келесі төмендетуі де тауардың базалық бағасынан 0,1 %, бірақ тауардың базалық бағасынан 10 % артық емес қадаммен төмендетуі мүмкін.

7.3.3.2 Жұмыстарды ұсынуға немесе қызметтер көрсетуге арналған өтінім бойынша тиісті тендерлік өтінімде көрсетілген жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің базалық құнының 0%-дан бастап, бірақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің базалық құнының 10%-дан аспайтын, яғни қатысушының бағаны төмендетудің ең жоғары қадамы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің базалық құнының 0%-дан 10%-на дейін құрайды.

Қатысушылардың кез келгені ұсынған жұмыстардың немесе қызметтердің құны да жұмыстардың немесе қызметтердің базалық құнынан кемінде 0,1 %, бірақ жұмыстардың немесе қызметтердің базалық құнынан 10 % артық емес қадаммен төмендетілуі мүмкін.

7.3.4 Электрондық сауда-саттыққа қатысу кезінде қатысушы қате баға енгізген жағдайда электрондық сауда аяқталғанға дейін сауда-саттықта бағаның «Қате» екенін көрсету керек және «Ескеरту» бағанында дұрыс бағасын жазу керек немесе «Баға ұсынысын қарамауды сұраймын» деп жазу керек.

Егер электрондық сауда-саттық аяқталған жағдайда қатысушы электрондық сауда-саттық жабылу күніне Астана қ. уақытымен 13:00 сағаттан кешіктірмей ЭСБ-ға лот бойынша күнге электрондық сауда-саттық қорытындысы бойынша қате бағасы енгізілгенін хабарлайтын хат жолдауы керек.

7.3.4.1 Қатысушы қате баға енгізген және осы ереженің 7.3.4-тармағының талаптарын орындаған жағдайда мұндай ұсыныс дұрыс баға ұсынысы ретінде қаралады.

7.3.4.2 «Қате» бағаны енгізуге жол берген қатысушыға осы Ереженің 11.1.4-тармағына сәйкес санкциялар қолданылады.

7.3.5 Сайтта «Ұсынылған саны» бағанында тауар жеткізуге өтінімдер позициясы бойынша баға ұсынысын енгізу кезінде автоматты түрде тапсырыс

беруші мәлімдеген тауардың, жұмыстарды орындаудың немесе қызметтердің көрсетудің көлемі немесе базалық саны көрсетіледі.

7.3.5.1 Қатысушының тапсырыс беруші өтінім беретін тауар санының немесе көлемінің тек бөлігін ғана жеткізуі мүмкін болған жағдайда тапсырыс берушімен мәлімделген саны немесе көлемінің бөлігінде ғана қатысушы «Ұсынылған саны» бағанында тапсырыс берушінің мәлімделген тауар көлемі немесе базалық саны сандық көрсетілуінде шамадан аспайтын тиісті өзгерту енгізеді.

Осы тармақ жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету өтініміне, сондай-ақ «бөлінбейтін лот» белгісімен тауарды жеткізуге ұсыныстарды сұрауға қолданылмайды.

7.3.5.2 Қатысушы осы тармақты толтырмаған кезде ЭСЖ лот бойынша баға ұсынысы сақталмайды, ал «Ескерту» бағанында базалық санын немесе көлемін арттыратын саны немесе көлемі туралы мәліметтер енгізілген жағдайда электронды сауда қорытындысы бойынша қатысушының ұсынысы қабылданбайды.

7.3.5.3 Бөлінбейтін лот жағдайын қоспағанда, жеңімпаз ЭСЖ-да тапсырыс беруші мәлімдеген тауар санынан немесе көлемінен аз тауар ұсынған жағдайда, тапсырыс берушінің мәлімдеген тауар саны немесе көлемінің және әлеуетті жеңімпаз ұсынған тауар саны немесе көлемінің арасындағы айырмашылық ЭСЖ-да тапсырыс беруші белгілеген талаптарға сәйкесken жағдайда жеңімпаздың ұсынысынан кейін баға ұсынысы ең тиімді болып саналатын келесі қатысушыға рәсімделеді.

7.3.6 «Бөлінбейтін тендер», «Бөлінбейтін лот» белгісімен ТЖҚ жеткізуге өтінімдер бойынша сауда-саттыққа қатысу кезінде қатысушы әр позиция бойынша және осы өтінімнің барлық көлеміне баға ұсыныстарын енгізуге міндettі. Егер қатысушы баға ұсынысын «Бөлінбейтін тендер», «Бөлінбейтін лот» белгісімен барлық позицияға емес және/немесе өтінімнің барлық көлеміне емес енгізген жағдайда қатысушының мұндай ұсынысы қабылданбайды және қаралмайды.

7.3.6.1 Электрондық сауда-саттық жабылғаннан кейін барлық позиция бойынша және барлық көлеміне «Бөлінбейтін тендер», «Бөлінбейтін лот» белгісімен ұсыныстарды сұрау бойынша тұтас ұнемдеуі барынша көп болған, және аталған жеткізуші өтінімде көрсетілгенге қарсы келмейтін талаптарды өз ұсынысында көрсеткен және оның «Ескертулері» тапсырыс берушімен келісілген жағдайда, қатысушы жеңімпаз деп жарияланады.

7.3.6.2 Егер «Бөлінбейтін тендер», «Бөлінбейтін лот» белгісімен өтінім бойынша СҮ-нің сатып алу бойынша маманы «ұнсіз келісім бойынша жеткізуші» ретінде таңдал алған ЭСЖ қатысушысы электронды саудаға қатысса және «Бөлінбейтін тендер», «Бөлінбейтін лот» белгісімен ұсыныстар сұрауының барлық лоттары бойынша емес баға ұсыныстарын электронды саудада енгізсе, онда сол қатысушының ұсынысы қабылданбайды және «Ұнсіз келісім бойынша жеткізуші» ретінде осы қатысушы қаралмайды.

7.3.7 Тапсырыс берушінің ескертуінде «Шыгарушы зауыт немесе реєстирілген талаптары көрсетілген тауарды жеткізуге ұсыныстар сұрау бойынша

баға ұсыныстарын енгізу кезінде, осы позиция бойынша қатысушы ресми дилер/өкіл немесе шығаруши зауыт болған жағдайда.

Осы ТМҚ жеткізуді жүзеге асыру құқығын растайтын тиісті құжаттар тізімде жоқ болған жағдайда, бірақ тиісті құжаттардың болуында – «Тізімде жоқ өзге де құжаттар» опциясын таңдау керек және шығаруши зауыттың, дилердің/өкілдің (қандай зауыт) мәртебесін растайтын қандай да бір құжаттар негізінде ТМҚ жеткізу жүзеге асырылатынын көрсету (жазу) керек, сондай-ақ растайтын құжаттың сканерленген нұсқасын Тауарлық комиссия хатшысының электрондық поштасына сауда жабылатын күні Астана қ. уақыты бойынша 13:00 сағаттан кешіктірмей жіберуі тиіс.

7.3.8 Тапсырыс берушінің талабы бойынша тауарды жеткізуге лоттар бойынша баға ұсынысын еткізу кезінде қатысушыға «Шығаруши зауыт, шығаруши зауыттың ресми өкілі» «Ескерту» бағанында қай зауыттан (толық атауы) тауарды жеткізу жүзеге асырылатынын жазу керек.

7.3.8.1 Лот бойынша шығаруши зауыттың атауы бойынша мәліметтер жазылмаған немесе өзге де нышандар (мысалы: «.», «,,» және т.б.) қойылмаған жағдайда Тауарлық комиссия осы ұсынысты қарамауға құқылы.

7.3.9 ЭСЖ қатысушысына ереже талаптарына және/немесе оның қосымшаларына қайшы келетін келген толықтыруларды көрсетуге рұқсат етілмейді. Осы тармақтың бұзушыларына осы ереженің 11.1.3-тармағында көрсетілген санкциялар қолданылады.

7.3.10 ЭСЖ қатысушысы тауардың ұсынылған бағасын және/немесе жұмыстар пен қызметтердің құнын орналастыру кезінде осы Ереженің талаптарын сақтауға міндettі.

7.3.11 ЭСЖ дамыту бойынша ұсыныс болған және/немесе тауарды жеткізуге және/немесе жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге шығарылған өтінімдер бойынша мәселелер туындаған жағдайда қатысушы өзінің сұрағын/ұсынысын umts.kazakhmys.kz сайттындағы «Сұрақтар мен ұсыныстар кітабында» жариялауға құқығы бар.

7.3.11.1 ЭСЖ қатысушысы өзінің ұсынысын және/немесе сұрағын «Сұрақтар мен ұсыныстар кітабы» модулінде жариялау үшін ашылған тізімде ұсыныс және/немесе сұрақ жолданған корпорация бөлімшесін немесе «Қазақмыс» Тобының компаниясын таңдауы керек және өзінің хабарламасының мәтінін енгізуі керек. Енгізілген ақпаратты сақтағаннан кейін ЭСЖ қатысушысынан сұрату корпорацияның тиісті бөлімшесінің корпорация бөлімшесінің немесе «Қазақмыс» Тобының компаниясының басшысының электрондық мекенжайына түседі.

7.3.11.2 ЭСЖ қатысушысынан сұрату түскен кезде, «Қазақмыс» Тобының компанияларының тиісті бөлімшелердің жұмыскерлері қатысушының сұрауына уақытылы жауап беруге міндettі.

7.3.11.3 Сайттағы «Сұрақтар мен ұсыныстар кітабында» жарнамалық сипаттағы ақпарат, үшінші тұлғаның ұсыныстары, дөрекі сөздер мен балағаттауларды немесе ҚР заңнамасын және іскерлік этика ережелерін бұзатын басқа да келген ақпаратты көрсетуге рұқсат етілмейді. Осы

тармақты бұзушыларға осы ереженің 11.1.5-тармақта көрсетілген санкциялар қолданылады.

Күн сайын, Астана қ. уақыты бойынша сағат 20.00-де ЭСЖ-да қатысушыларға қатысушының саудаға рұқсаты бар тауар тобы/кіші тобы бойынша, сондай-ақ жалпы қолжетімді тауар топтары/кіші топтары және жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге өтінімдер бойынша сауданы жабудың ең жақын күніне тауарды жеткізуге сайтта жаңадан орналастырылған өтінімдер туралы хабарламалар автоматты түрде жіберіледі. ЭСЖ қатысушысы Жеке кабинеттің баптауларында тиісті белгі қою арқылы хабарламаны алудан бас татуға құқылы.

7.4 Электрондық сауда-саттықты жабу және электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша қорытынды шығару

7.4.1 Тиісті тапсырыс бойынша сауда-саттықтың әрекет ету мерзімі өткеннен кейін тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге өтінімдер бойынша сауда-саттық автоматты түрде жабылады, бұл ретте тауарды жеткізуге, жұмыстарды немесе қызметтерді ұсынуға ЭСЖ қатысушыларынан түскен ұсыныстар жүйеге келтіріледі және тауардың ұсынылған бағасы, жұмыстардың немесе қызметтердің ұсынылған құны тауарға, жұмыстарға немесе қызметтерге барлық ұсынылған бағасынан төмен болатын сол ұсыныстардың бағалық іріктеуі жүргізіледі, бұл ретте ЭСЖ-де орналастырылған тауарды жеткізуге және/немесе жұмыстарды және қызметтерді ұсынуға тапсырыста көрсетілген талаптарға қайшы келмейтін талаптарды өз ұсынысында тиісті қатысушылар көрсету тиіс.

7.4.2 Сауда-саттықты жабу тауарды және/немесе ЖМҚ-ға соңғы белгіленген барынша аз бағасы оны белгілегеннен кейін бес минут ішінде өзгермеген жағдайда ғана жүргізіледі. Кері жағдайда, тиісті сауда-саттықтар, тауарға белгіленген минималды бағасы және/немесе жұмыстар мен қызметтер соңғы белгіленген барынша төмен құны оны белгілегеннен кейін бес минут ішінде өзгерілмесе, жалғаса береді.

7.4.3 Сауда-саттық жабылғаннан кейін ЭСЖ-де тауарды жеткізуге, сондай-ақ жұмыстарды орындауға және/немесе қызметтерді көрсетуге өтінімдер бойынша өткізілген сауданың нәтижелері жүйеленеді.

7.4.4 Ұсыныстарды іріктеудің басты белгілері тауардың және/немесе жұмыстар мен қызметтерді ұсыну бағасы, сапасы, қатысушыда мемлекеттік лицензияның және/немесе өзге рұқсат құжаттарының болуы, сонымен қатар, қажет болған кезде, қатысушыда тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау және/немесе қызметтерді көрсету, оның кепілдік және сервистік қызмет көрсету құқығын растайтын, тауарды өндіруші фирмалардан ресми рұқсат құжаттардың болуы болып табылады.

7.4.5 Тауарға баға және/немесе жұмыстар немесе қызметтер құны бойынша ең тиімді және пайдалы ұсынысты, яғни тиісті тапсырыста көрсетілген тауардың базалық бағасы және/немесе жұмыстар мен қызметтердің базалық бағасы ескеріліп, ұсынылған ең төмен бағасы (құны) бойынша тауарды жеткізуге және/немесе жұмыстарды немесе қызметтерді

ұсынуға ұсынысты іріктеғеннен кейін ЭСЖ бағдарламасы сауда-саттықтың жорамалдаған жеңімпазын анықтайды.

7.4.6 Егер ҚР резиденті болып табылатын қатысушы ҚР салық органында ҚҚС бойынша есепте тұрмаса және СӘТ-ке тіркеу/қайта тіркеу кезінде оларға ТМҚ жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге өтінімдер бойынша электрондық сауда-саттықта ұтып алған кезде ҚҚС сомасын алуға келісім беру туралы өтініш (В қосымшасы) берілген жағдайда, осындай қатысушы сауда-саттық процесінде ҚҚС сомасын қамтитын бағаны қояды, ал электрондық сауда-саттық аяқталғаннан кейін бағдарлама осындай қатысушыны жеңімпаз деп анықтаған кезде осы қатысушының электрондық сауда-саттықта тіркелген соңғы ең төменгі бағасынан ҚҚС сомасын алуды жүргізеді.

7.4.7 Сауда-саттық жабылғаннан кейін, бір жұмыс күні ішінде – Тауарлық комиссия және екі жұмыс күні ішінде – Тендерлік комиссия өткізілген сауда-саттық нәтижелерін жүйелейді және осы Ережеге, сондай-ақ Корпорацияда және/немесе Холдингте қолданылатын өзге де жергілікті актілерге сәйкес өткізілген сауда-саттық нәтижелері және олардың жеңімпазы туралы түпкілікті шешімдер қабылдайды.

7.4.8 Егер жеңімпаз тауарды жеткізуге және/немесе жұмыстарды немесе қызметтерді ұсынуға өтінімде көрсетілген талаптарға сай келмейтін тауарды және/немесе жұмыстарды орындауды немесе қызметтерді көрсетуді ұсынған жағдайда, жеңімпаз атқарушылықтың қай санатына жататынын, қандай «Компания мәртебесінің» болуын назарға ала отырып, Тауарлық/Тендерлік комиссия осы тауар немесе жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету бойынша сауда-саттықтың барлық қатысушысының баға ұсыныстарын қарауға құқылы.

7.4.9 Тауарлық/Тендерлік комиссия қабылдаған шешімдерге сәйкес жеңімпаз анықталады және тиісті комиссия мүшелері қол қоятын хаттама ресімделеді, оған тиісті комиссия мүшелері KD арқылы қағаз тасығышта қол қояды/электронды түрде қарайды.

7.4.10 Қажет болған жағдайда Тендерлік/Тауарлық комиссия электрондық сауда-саттық қорытындысын қарауды келесі отырысқа ауыстыруға құқылы.

7.4.11 Егер Тауарлық/Тендерлік комиссияға жоғарыда көрсетілген жеңімпаздың осы ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні және/немесе оның оған ЭСЖ қатысушысы ретінде берілген құқықтарды адаптациялық белгілі болса немесе егер корпорацияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесі жағымсыз бедел фактісін (тәуекелді контрагенттің мәртебесі белгіленген) белгілесе және/немесе қатысушының және/немесе оның лауазымды тұлғасының және/немесе оның құрылтайшысының адаптациялық белгілі болса және/немесе қатысушының РК мемлекеттік органдары және/немесе ұйымдары алдында және/немесе Тапсырыс беруші алдында қандай да бір өтелмеген мерзімі ұзартылған берешегі болса, онда Тауарлық комиссия және Тендерлік комиссия ЭСЖ қатысушысының баға ұсынысын қарамауға және сауда-саттықтың жеңімпазымен шартты жасасудан бас

тартуға (электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша ұсынысты қабылдаудан бас тартуға) құқылы.

7.4.12 ЭСЖ қатысушысы ЭСБ, сондай-ақ Тауарлық/Тендерлік комиссияның сұратуы бойынша тиісті комиссия және/немесе ЭСБ көрсеткен мерзімде жеткізілетін тауар және/немесе ұсынылатын жұмыстар/қызметтер туралы қосымша ақпаратты ұсынуға міндетті.

7.4.13 Ірі және/немесе техникалық күрделі жабдықтарды сатып алған жағдайда Тауарлық комиссияның талабы бойынша қатысушылар осы тауардың түрін жеткізуіді іске асыру және оның кепілдік және сервистік қызметтерді көрсетуін жүзеге асыру құқығын растайтын тауар шығарушы фирмалардан ресми рұқсат құжаттарын ұсынуы керек.

7.4.14 Электрондық сауда-саттықта айтарлықтай үнемдеу жағдайында (базалық бағаның 30%-нан астам), егер неғұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар ұсынылса, Тауарлық комиссия Тапсырыс берушінің өндірістік қызметтерінің осы тауарды пайдалану мүмкіндігін қаруы үшін осы тауарды қайталама сауда-саттыққа жіберуге құқылы.

7.4.15 Тендерлік комиссия отырысының хаттамасы бойынша жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге жасалған шарттарға, Тауарлық комиссия отырысының хаттамасы бойынша тауарды жеткізуге жасалған шарттар бойынша төлемдер Корпорацияның стандартының [2] және осы ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын тауарды жеткізуге шарттың үлгілік нысандарында (Д - Е қосымшалары) көрсетілген талаптарға сәйкес, яғни жеткізу фактісі бойынша жүргізіледі.

Электрондық сауда-саттыққа қатысқан кезде баға ұсынысын енгізген және қатысушы төлемнің басқа нысандарын көрсеткен жағдайда - Тапсырыс беруші, Тауарлық және Тендерлік комиссия қатысушының мұндай баға ұсынысын қабылдамауға құқылы.

Ерекше жағдайларда «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС және/немесе «Kazakhmys Holding (Қазақмыс Холдинг)» ЖШС ішкі жергілікті актілерінде белгіленген тәртіппен төлемнің өзге де нысандарын жүргізуге болады.

7.4.16 Егер электрондық сауда-саттықтың нәтижелері бойынша ең төменгі бағаны ұсынған қатысушы лоттың талаптарына сәйкес келмейтін лот бойынша ескертпе жазса және/немесе дәйектің ақпарат ұсынылса және / немесе тауар / тендерлік комиссияның шешімі бойынша бұл ұсыныс қабылданбаса, онда тиісті комиссияның отырысында қатысушының ұсынысынан бас тарту себептерін көрсете отырып, бас тарту хаттамасы (З қосымшасы) ресімделеді.

7.4.17 Тиісті комиссия бекіткен, электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша жеңімпазға ресімделген хаттамалар, сондай-ақ бас тарту хаттамалары сайтта қатысушының жеке кабинетінде күнтізбелік 10 күн ішінде көрсетіледі.

7.5 Тауарлық комиссияның электрондық сауда-саттық нәтижелерін қарауы

7.5.1 ЭСЖ бағдарламасы тауарды жеткізуге электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша болжалды жеңімпаздарды анықтағаннан кейін жоғарыда аталған қатысуышылардың ұсыныстары электронды келістіруге тапсырыс беруші - СҮ жауапты тұлғаларына жолданады.

7.5.2 Егер болжалды жеңімпаз тауарды жеткізуге өтінімде көрсетілген талаптарға сәйкеспейтін тауар ұсынса, «Жеткізушінің ескертулерінде» ұқсасын, толық емес жинағын, жеткізу мерзімдерін, өзге өндірісті және т.с. көрсетсе, аталған ТМҚ жеткізуге «әзірлеуші зауыттың немесе әзірлеуші зауыттың ресми дилерінің» мәртебесін растайтын тиісті құжаттар болмаса – егер аталған талап өтінімді электрондық саудаға шығару кезінде көрсетілсе, СҮ жауапты тұлғасы электронды форматта болжалды жеңімпаздың ұсынысынан бас тартып, келіспеудің себебін міндетті түрде көрсету арқылы «Келіспеймін» бұрыштамасын қоюға құқылы.

7.5.3 Келісуші тұлға ұсынысын қайтарған болжалды жеңімпаздан кейінгі қатысуышылардан баға ұсыныстары болған жағдайда хатшы баға ұсынысы болжалды жеңімпаздың бағасынан кейін ең төмен болған қатысуышыға хаттама ресімдеп, электронды келісуге жолдайды.

7.5.4 Ескертуінде «әзірлеуші зауыт немесе әзірлеуші зауыттың ресми дилері» көрсетілген тауарларды жеткізуге өтінімдер бойынша Тауарлық комиссияның отырысында сауда-саттық нәтижелерін қарау кезінде әзірлеуші зауыт немесе ресми дилер болып табылатын және электрондық сауда-саттықта аталған лот бойынша қатысуышылардың арасында ек төмен баға берген қатысуышыға хаттама ресімделеді.

7.5.5 Егер Тауарлық комиссияда немесе СҮ келісуші тұлғасында әзірлеуші зауыттың және/немесе әзірлеуші зауыттың ресми дилерінің мәртебесін растайтын құжаттардың шынайайығына қатысты күмән пайда болса, Тауарлық комиссия мән-жайын анықтау үшін келесі отырысқа дейін немесе әзірлеуші зауыттан және/немесе өзге ұйымдардан тиісті растау келгенге дейін хаттаманы қарауды тоқтатуға құқылы.

7.5.6 ТМҚ жеткізуге болжалды жеңімпаздардың ұсыныстарын электронды қарау нәтижелері бойынша хатшы келісетін тұлғалардың қарау нәтижелері бойынша хаттама ресімдейді де Тауарлық комиссияның отырысына ұсынады.

7.5.7 Тауарлық комиссия осы ережеге және Корпорацияның және/немесе Холдингтің қолданыстағы өзге жергілікті актілерге сәйкес электрондық сауда-саттықтың қорытындыларын қарауды және қол қоюды/электронды келісуді жүзеге асырады.

7.5.8 Тауарлық комиссияның сауда-саттық қорытындылары және сауда-саттық жеңімпазы туралы тиісті хаттамасы (Ж қосымшасы) сауда-саттықта жеңімпазды таңдауды растайтын құжат болып табылады.

7.5.9 Хаттамаға Тауарлық комиссияның отырысында не болмаса электронды құжат айналымы бойынша Тауарлық комиссия мүшелері электронды түрде қол қояды/қарайды.

7.5.10 Тауарлық комиссияның хатшысы Тауарлық комиссия мүшелері хаттамаларға қол қойғаннан және корпоративтік бағдарламада бекіткеннен кейін бір жұмыс құнінің ішінде хаттамалардың PDF-нұсқасын СҮ сатып алу бойынша мамандары шарттар жасау үшін электронды пошта арқылы не болмаса кез келген қолжетімді тәсілмен СҮ-не береді.

7.6 Тендерлік комиссияның электрондық сауда-саттық нәтижелерін қарауы

7.6.1 Тендерлік комиссияның хатшысы электрондық сауда-саттық аяқталған күні техникалық ерекшелікке сәйкестігін растайтын хаттама мен женімпаз ұсынған құжаттарды Тендерлік комиссияның қарауына шығарады.

7.6.2 Техникалық іркілістер және/немесе байланыс болмаған жағдайда хаттама және техникалық ерекшелікке сәйкестігін растайтын женімпаз ұсынған құжаттар келесі жұмыс күні келісу үшін Тендерлік комиссияға жіберіледі.

7.6.3 Тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушілердің техникалық ерекшеліктің біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау туралы мәселелерді шешу үшін сараптамалық қорытынды алу үшін Тапсырыс берушіге/сараптама тобына (жұмыстарды және/немесе қызметтерді сатып алуды ұйымдастырудың өтінімінде көрсетілген кураторға/Орындаушыға, тапсырыс берушінің ТК) сұрау жіберуге құқылы.

7.6.4 Сараптамалық қорытындыны ұсынуға сұрау салуды тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттарды қоса бере отырып, электрондық пошта арқылы жүзеге асырады.

7.6.5 Тапсырыс беруші екі жұмыс күні ішінде сараптамалық қорытындыны қарауға және Тендерлік комиссия мүшелерінің хаттамаға одан әрі қол қоюы үшін электрондық пошта арқылы Тендерлік комиссия хатшысына жіберуге міндettі.

7.6.6 Егер Тендерлік комиссия сауда-саттық женімпазын техникалық ерекшеліктің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін деп қабылдамаса, женімпаздан кейінгі қатысушылардың баға ұсыныстары болған жағдайда, Тендерлік комиссияның хатшысы электрондық пошта арқылы қатысушыларға тендерде берілген баға ұсынысының өзектілігіне және техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынуға сұрау салуды жібереді.

7.6.6.1 Егер сауда-саттыққа қатысушылардың барлығы техникалық ерекшеліктің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін деп қабылданбаған жағдайда, Тендерлік комиссия «сөзсіз таңдалған жеткізуши» ретінде анықталған жеткізушиңі қарайды.

7.6.7 Тендерлік комиссия хаттама ресімдеу арқылы болған сауда-саттық нәтижелері және олардың женімпазы туралы немесе оның болмауы туралы қорытынды шешім қабылдайды да оған Тендерлік комиссияның мүшелері қол қояды.

7.6.8 Тендерлік комиссияның сауда-саттық қорытындылары және сауда-саттық женімпазы туралы тиісті хаттамасы (Ж қосымшасы) сауда-саттықта женімпазды таңдауды растайтын құжат болып табылады.

7.6.9 Тендерлік комиссия хатшысы Тендерлік комиссия мүшелерінің хаттамаға қол қою күні бұдан әрі жұмыс істеу үшін электрондық пошта арқылы немесе өзге қолжетімді тәсілмен ЖМҚБОСБ бастығы және маманының атына хаттаманың көшірмесін жолдайды.

8. Шартты жасау тәртібі

8.1 Тапсырыс беруші және ЭСЖ қатысушылары жұмыстарды және қызметтерді ұсынуға шарттың негізгі ережелері қамтылған осы ережеде көрсетілген талаптарды акцептеуге келіседі.

8.2 Тауарды жеткізуға шартты жасау кезінде Сауда Үйінің сатып алу бойынша маманы келесі әрекеттерді орындайды:

8.2.1 Откізілген электронды сауда қорытындысы бойынша бекітілген хаттаманы алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде оның ажырамас бөлігі болып табылатын (Д-Е қосымшалары) және осы ережеге қоса тіркелген шарттардың үлгілік нысаны қатарынан шарттың тиісті үлгілік нысанымен қатаң сәйкестілікті екі бірдей данада тауарды жеткізуға шартты құруға міндетті.

8.2.2 Бұл ретте жоғарыда көрсетілген тауарды жеткізуға шартты Тауарлық комиссия отырысының тиісті хаттамасында көрсетілген тауарды жеткізу тәртібіне және жеткізілетін тауардың төлем тәртібіне Тауарлық комиссияның таңдауына сәйкес келетін төлем және жеткізу талаптары, шарттың сол үлгілік нысанына сәйкес болуы керек.

8.2.3 Контрагенттің пайdasына алдын ала төлем (аванс) шарттарында шарт жасасу жағдайларын қоспағанда немесе елеулі шарттар, оның ішінде жеткізу, төлем шарттарымен шектелмей және т.б. шарттардың үлгілік нысанына өзгерістер енгізуді талап ететін жағдайларды қоспағанда, [2], [3] айқындалған құрылымдық бөлімшелермен шарттарды келісу талап етілмейді.

8.2.4 Тиісті сенімхатпен және/немесе Холдингтің жергілікті актілерімен тиісті шартқа қол қоюға уәкілетті СҮ лауазымды тұлғасы сауда қорытындысы және/немесе жеңімпазы туралы Тауарлық комиссия хаттамасының көшірмесімен шарттардың жобаларын сатып алу бойынша маманмен ұсынған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде тауарды жеткізу шартын екі бірдей данасына қол қоюға міндетті.

8.2.4.1 Жеңімпаз қажетті растаушы құжаттарды ұсынбаған жағдайда хаттама немесе хаттама позициялары осы ереженің 10-бөліміне сәйкес құшін жоюы мүмкін.

Сатып алулар бойынша маман корпорацияның өкілетті бөлімшесінің шартты ресімдеу кезінде ЭСЖ қатысушысына «тәуекелді» мәртебесін белгілеу фактісін анықтаған жағдайда хаттама осы ереженің 10-бөліміне сәйкес жазбаша өтініштің негізінде Тауарлық комиссияның шешімі бойынша жойылады.

8.2.4.2 Одан кейін жоғарыда көрсетілген шарт Корпорацияның және/немесе Холдингтің жергілікті актілерімен белгіленген ішкі тәртіпке сәйкес Тапсырыс берушінің заң қызметінде тіркелуі және мөрмен расталуы керек.

8.2.5 Тапсырыс беруші тарапынан қол қойылған шарттың сканерленген көшірмесі, сондай-ақ шарттың түпнұсқасы сауда женімпазына жолданады.

8.2.6 Тапсырыс берушінің тарапынан қол қойылған шарттың түпнұсқасы немесе электронды көшірмесін алған сэттен бастап ҚР резиденті болып табылатын сауда женімпазы үш жұмыс күні ішінде (ҚР бейрезиденті бес жұмыс күні ішінде) тауарды жеткізуге шарттың екі бірдей данасына қол қоюға және шарттың кураторы – корпорацияның Сауда Үйінің сатып алу бойынша маманына шарттың сканерленген көшірмесін жолдауға, сондай-ақ шарттың қол қойылған түпнұсқаларын қайтаруға міндетті.

8.2.7 Осы ережеге сәйкес Тапсырыс беруші жасасқан әр шарттың бір данасы Тапсырыс берушінің заң қызметіне сақтауға тапсырылады, бір данасы - сауда женімпазына беріледі, бір данасы шарттың кураторында берілуі тиіс.

8.2.8 Жоғарыда көрсетілген шарт осы ереженің талаптарына сәйкес жасалады және, талаптардың үлгілік нысанынан өзгешеленетін шарттарды жасау жағдайларын қоспағанда, оған Корпорацияның және Холдингтің стандартында [2], [3] көрсетілген шарттарды (келісімшарттар, келісімдер) келісу тәртібі туралы ереже қолданылмайды.

8.2.9 Тапсырыс беруші тарапынан шартты жасау тәртібі және нысаны туралы жоғарыда көрсетілген талаптарын сақтау үшін жауапкершілік Сауда Үйінің басшыларына және/немесе Тапсырыс берушінің атынан тиісті шарттарды жасайтын Корпорацияның тиісті лауазымды тұлғаларына жүктеледі.

8.2.10 ЭС хаттамасының негізінде жасалған шартқа қандай да бір өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар Тараптардың шартқа тиісті қосымша келісім жасасу жолымен тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Тауарлық комиссияның шешімімен хаттама негізінде ғана енгізілуі мүмкін. Қосымша келісімнің талаптары Холдингтің жергілікті актілерімен көзделген тәртіpte Тауарлық комиссиямен және оған уәкілеттік берілген Холдинг компаниясының өзге де лауазымды тұлғаларымен және бөлімшелерімен келісілуі тиіс. Тауар көлемінің ұлғауына, ТМК және ОаЖ құнының ұлғауына, ТМК және ОаЖ жеткізу мерзімдерінің ұлғауына қатысты шартқа толықтырулар және/немесе өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Айрықша жағдай: егер әлеуетті өнім беруші женімпаз болып айқындалған күннен бастап және ТЖҚ сатып алу туралы шартқа қол қойылған күнге дейінгі кезеңде шетел валютасына қатысты теңгенің ресми бағамы он пайыздан астамға өзгерген болса, Тапсырыс беруші мен әлеуетті өнім беруші өзара келісім бойынша ТЖҚ сатып алу туралы шартқа қол қойылған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген шетел валютасының

теңгеге ағымдағы бағамы бойынша төлеуге жататын соманы мөлшерлес қайта есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте, әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндіріске арналған шығындардың және (немесе) тауарды жеткізуге арналған шығындардың ұлғауына немесе қысқаруына әсер ететін факторлардың егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып, ТЖҚ сатып алу туралы шарт жобасының бағасын ұлғайту қажеттігінің негіздемесін ұсынады.

8.3 Атқарушылықтың үшінші санаты бар қатысуышымен шарт жасау

8.3.1 Атқарушылықтың үшінші санатына жататын сауда жеңімпазы, ҚР резиденттері үшін Тапсырыс берушінің қол қойылған шарттын алған сәтінен бастап үш жұмыс күні ішінде және ҚР бейрезиденттері үшін бес жұмыс күні ішінде шартқа қол қоюға және Тапсырыс берушінің тиісті есептік шотына аудару жолымен шарттың жалпы сомасынан 10 % мөлшерінде кепілдік жарнасын төлеуге міндетті.

8.3.2 Тауар жеткізуге шарт ресімделген жағдайда сатып аулар бойынша маман атқарушылықтың үшінші санаты бар қатысуышыға арналған талаптарды енгізу арқылы шарттың ұлгілік нысанына сәйкес шарт жасауды қамтамасыз етеді.

8.3.3 Сауда-саттық жеңімпазы осы ереженің 8.3.1-тармағын орындаған жағдайда қатысуышыға қатысты осы ереженің 11.1.7.4-тармағында көрсетілген санкциялар қолданылады.

8.4 Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге шарт жасау

8.4.1 Шартты Тапсырыс беруші Корпорацияның және/немесе Холдингтің стандартының [2], [3] талаптарына сәйкес ресімдейді және жасайды. Хаттамамен бекітілген баға ұсынысы шарт жасау кезінде өзгеріссіз қалады.

8.4.2 Сауда-саттық жеңімпазы оның тендерлік өтінімі женді деп танылуы туралы хабарламаны және шарттың жобасын алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде шартқа қол қоюы тиіс.

8.4.1 Атқарушылықтың үшінші санаты бар сауда-саттық жеңімпазымен шарт жасаған жағдайда шарттың кураторы шартқа жеткізуі шарттың жалпы сомасынан 10 % мөлшерде кепілдік жарнасын төлеу туралы тармақ енгізуі қамтамасыз етеді.

9 Шартты жасасу кезінде қатысуыш қабылдайтын міндеттемелер

9.1 Сауда-саттықта жеңімпаз болған ЭСЖ қатысуышы (Сатушы, Жеткізуши, Мердігер, Орындаушы) келесі міндеттемелермен келіседі, оларды өзіне қабылдайды:

9.1.1 Сапасыз, жинақталмаған тауарды немесе саны жетіспейтін тауарды жеткізген және/немесе жұмыстарды және/немесе қызметтерді сапасыз орындаған (көрсеткен) жағдайда, Тапсырыс беруші қатысушыдан ақаулы тауарды айырбастауды, тауарды жете жинақтауды немесе санын түгендеп жеткізуді және/немесе тауардағы, жұмыстағы/қызметтегі ақауды жоюды талап етеді (сапасы және/немесе саны бойынша наразылық білдіреді). Қатысушы мұндай әрекеттерді Тапсырыс берушінің тиісті талаптарын алғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде өз есебінен, өз күшімен жүзеге асыруға міндетті.

9.1.2 Қатысушы жұмыстарды орындау және/немесе қызмет көрсетеү үшін ҚР қолданыстағы заңнамасында қарастырылған барлық қажетті рұқсат құжаттарына ие екендігіне кепілдік береді. Кері жағдайда қатысушы мұліктік және/немесе мұліктік емес сипаттағы барлық шағымдарды және талап арыздарды ерікті түрде және өз есебінен реттейді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге осымен келтірілген барлық шығындардың орнын толтырады.

9.1.3 Қатысушы салық органдарына ҚР салық заңнамасымен қарастырылған мерзімде және тәртіпте ҚҚС бойынша декларацияны ұсынуға, салық есебінде ҚҚС сомасын көрсетуге және бюджетке ҚҚС төлемін жүргізуге міндетті.

9.1.4 Қатысушы жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді орындаған және/немесе тиісті түрде орындаған жағдайда, қатысушы Тапсырыс берушіге осымен келтірілген барлық шығындардың орнын толтыруға міндетті. Егер Тараптар арасында әрекет ететін шарттық қатынастарды орындау барысында, салық органдары жүргізетін тақырыптық, камералық, ыңғайласпа тексеру немесе өзге тексеру шаралары нәтижесінде, қатысушының осы тармақпен көзделген салық міндеттемелерін орындағаны анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша қатысушының салық міндеттемелерін толық және тиісті орындағанына дейін, көрсетілген қызметке, орындалған жұмысқа төлем бойынша өз міндеттемелерінің барлығын немесе жартысын тоқтата түруға құқылы. Осы кезде төлемдерді осындаі тоқтату, Тапсырыс берушінің тарапынан төлем бойынша шарттық міндеттемелерді бұзыы болып табылмайды және қатысушы Тапсырыс берушіден төлем мерзімін өткізіп алумен байланысты кейін қандай да болмасын шығындарды немесе тұрақсыздық айыбын талап етуге құқығы жоқ.

Қатысушының бюджетке расталмаған ҚҚС сомасын төлегенін растау арқылы салық органы берген ҰІңғайласпа салықтық тексерудің тиісті актісін қатысушының Тапсырыс беруші атына ұсынуы салық міндеттемесін тиісті түрде орындауы болып табылады.

Бұл ретте, Тапсырыс беруші жеткізілген тауарға (көрсетілген қызметке, орындалған жұмысқа) барлық соманы немесе оның бөлігін қатысушыдан жоғарыда көрсетілген Актіні алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде төлеуді жүзеге асыруы тиіс.

Қатысушы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 9 ақпандығы № 58 бүйрығымен бекітілген Кедендік әкелу баждары қолданылатын тауарлардың тізбесіне енген тауарларды өткізу кезінде ҚР Қаржы министрінің 12.05.2017 ж. № 301 бүйрығының ережелеріне, сондай-ақ қатынастардың осы түрін регламенттейтін ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, ал жоғарыда көрсетілген нормативтердің күші жойылған жағдайда тиісінше өзекті актілерге сәйкес электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымы қағидаларының талаптарын сақтау арқылы Тапсырыс берушінің атына сатылатын тауарға электрондық шот-фактураны (шоттарды) жазуга міндеттенеді.

9.1.5 ҚР қолданыстағы заңнамасына және/немесе Шарттың талаптарына сәйкес қатысушы үшін мұндай ақпаратты және/немесе құжатты ұсыну міндетті болған жағдайды қоспағанда, Тапсырыс берушіден алынған барлық ақпаратты және/немесе құжаттаманы үшінші тұлғаларға жарияламауға, құпиялышқа кепілдік береді. Қатысушы ҚР қолданыстағы заңнамасына және/немесе шарттың талаптарына сәйкес қатысушы үшін мұндай ақпаратты және/немесе құжатты ұсыну міндетті болған жағдайды қоспағанда, Шартты орындауға байланысты Тапсырыс берушіден қатысушы алған қандай да бір ақпаратты және/немесе құжаттаманы жеткізуші үшінші тұлғаларға жариялаған және/немесе берген жағдайда, Тапсырыс берушіге осымен келтірілген барлық шығындардың орын толтыруға міндеттенеді.

9.1.6 Қатысушы шарт бойынша жеткізетін тауар және/немесе жұмыстардың, қызметтердің қорытындысы (ұлгілер, сынамалар, сұлбалар, кестелер, құжаттар және т.б.), егер олар ҚР шегінен тыс жерде өндірілсе (орындалса), олар тиісті түрде кедендік органдарда рәсімделгеніне және оған қатысты импорттау кезінде ҚР заңнамасы бойынша алынатын барлық кедендік төлемдер және салықтардың төленгеніне кепілдік береді.

9.1.7 Қатысушы тауарды жеткізуге және/немесе жұмыстарды және/немесе қызметтерді орындауға (көрсетуге) және ол бойынша өз міндеттемелерін орындауға тиісті шарт жасасуға құқығы мен занды негіздемесі бар екеніне, тауарды жеткізуге және/немесе жұмыстарды және/немесе қызметтерді орындауға (көрсетуге) арналған шарттың ол үшін міндетті күші болатынына және қатысушы тіркелген елдің заңнамасын, қатысушының құрылтай құжаттарын немесе қатысушы үшін міндетті күші бар кез келген өзге де шектеуді бұзбайтынына және оған қайшы келмейтініне, сондай-ақ тауарды жеткізуге және/немесе жұмыстарды және/немесе қызметтерді орындауға (көрсетуге) арналған шартқа қол қоятын тұлға оған қатысушының атынан қол қоюға уәкілетті екеніне сендіреді және кепілдік береді.

9.1.8 Қатысушы шарт бойынша жеткізілетін тауардың ЭСЖ-да көрсетілген деректердің атавы мен техникалық жай-күйі бойынша сәйкес келетініне кепілдік береді.

9.2 Қатысушы шарт бойынша міндеттемелердің кез келгенін тиісінше орындаған жағдайда (сапасыз тауарды жеткізу және/немесе жеткізу мерзімін бұзу, сапасыз жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді орындау

(көрсетеу) және/немесе орындау (көрсетеу) мерзімдерін бұзу) қатысушы Тапсырыс берушіге қатысушыға жеткізілген тауар, орындалған (көрсетілген) жұмыстар мен қызметтер үшін төлеуге жататын сомадан есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл) есепке жатқызу құқығын береді. Тапсырыс беруші жеткізілген тауар, орындалған (көрсетілген) жұмыстар мен қызметтер үшін қатысушыға төлеуге жататын сомадан есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл) есепке жатқызған жағдайда, қатысушы осы сомаға шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші қатысушыға жеткізілген тауар, орындалған (көрсетілген) жұмыстар мен қызметтер үшін қатысушыға төлеуге жататын сомадан қатысушының бұзылған міндеттемесі және есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұл, айыппұл) есепке жатқызу туралы хабарламаны дереу жібереді.

9.2.1 Атқарушылықтың үшінші санатына жатқызылған сауда-саттықтың женімпазы тауарды жеткізу, жұмыстарды және/немесе қызметтерді орындау (көрсетеу) және/немесе тауарды жеткізу мерзімдерін бұзған, шартта көзделген санға және/немесе сапаға сәйкес келмейтін тауарды жеткізген жұмыстарды және/немесе қызметтерді орындаған (көрсеткен) жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген кепілдік жарнадан шартта көзделген санға және/немесе сапаға сәйкес келмейтін тауарды жеткізгені, жұмыстарды және/немесе қызметтерді орындағаны (көрсеткені) және/немесе тауарды жеткізу, жұмыстарды және/немесе қызметтерді орындау (көрсетеу) мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл санкцияларының (тұрақсыздық айыбының және/немесе залалдардың) сомасын ұстап қалуға құқылы.

9.2.2 Үшінші санатқа жатқызылған сауда-саттық женімпазы шарт бойынша қабылданған міндеттерін орындаған жағдайда Тапсырыс беруші саны мен сапасы бойынша барлық тауарды және/немесе орындалған (көрсетілген) жұмыстарды және/немесе қызметтерді қабылдаған сәттен бастап үш банктік күн ішінде кепілдік жарнасын қайтаруды жүргізеді.

9.3 Қатысушының 0% салық мөлшерлемесін қолдануы негізdemесін растау үшін Тапсырыс беруші Тауарды алғаннан кейін 60 күндік мерзімде қатысушыға (факспен және поштамен 2 дана) электрондық поштасына электрондық нысандағы 1 дана Ресей Федерациясының және/немесе Беларусь Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына (Қазақстан Республикасы салық органдарының белгісімен) экспортталған өнімді енгізу туралы өтінішті жанама салықтарды толық көлемде төлегенін растайтын «жанама салықтарды төлеу фактісін растау туралы хабарламаны» (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына енгізген кезде салық салуға жатпайтын тауарларға қатысты салықтан босатудың болуы туралы) қоса беріп, жолдайды.

9.4 Осы ереженің 9-бөлімінде көрсетілген барлық міндеттемелерді сауда-саттықта женімпаз атанған және тауарды жеткізуді және/немесе жұмыстарды және/немесе қызметтерді орындауға (көрсетуге) шартты жасасқан ЭСЖ қатысушысы өзіне қабылдайды.

ЭСЖ қатысушысы өзіне қабылданған міндеттемелерді бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші қатысушыға қатысты атқарушылық санатын төмендету, ЭСЖ-не рұқсатты бұғаттау немесе ЭСЖ-нен шығарып тастау санкцияларын қолдану құқығын өзіне қалдырады.

10. Электрондық сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою

10.1 СҮ-де электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша бекітілген хаттаманың күшін жою қажеттілігі туындаған жағдайда (женімпаздың шартты жасаудан бас тартуы, атқарушылықтың үшінші санатындағы қатысушының 10 % кепілдік жарнасын төлеуден бас тартуы, қажетті құжаттарды ұсынбау және т.б.) Тауарлық/Тендерлік комиссия СҮ өкілетті бөлімшесінің тиісті өтінішхаты негізінде сауда-саттық аяқталған күнге женімпаздың баға ұсынысынан кейін ұсынысы бағасы мен саны бойынша ең тиімді болып саналатын өткен сауда-саттықтың басқа қатысушысымен шартты жасау туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.1.1 Өткізілген электрондық сауда-саттық қорытындысы бойынша бекітілген хаттаманың немесе хаттамадағы позицияның күшін жою үшін СҮ өкілетті бөлімшесі басшысы қол қойған хатты KD арқылы ЭСБ-ға жолдайды, оған Тауарлық немесе Тендерлік комиссия отырысында қарау үшін қажетті құжаттама қоса беріледі.

10.1.2 Күші жойылатын хаттама немесе хаттама позициялары бойынша басқа баға ұсыныстары болған жағдайда тауар жеткізуғе Тауарлық комиссияның шешімімен немесе жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге Тендерлік комиссия шешімімен сауда-саттық аяқталған күні женімпаз ұсынған бағадан кейін баға ұсынысы баға мен сапа бойынша неғұрлым тиімді болып табылатын және Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін қатысушыға, қатысушы тауарды жеткізуғе немесе жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге жазбаша келісім берген жағдайда, хаттама ресімделуі мүмкін.

10.1.3 Баға ұсыныстары болмаған немесе женімпаздан кейінгі қатысушы, сондай-ақ бұрын пысықталған «ұнсіз келісім бойынша жеткізуі» тауарды жеткізуден, жұмыстары орындаудан және қызметтерді көрсетуден бас тартқан немесе қатысушымен бұрын мәлімделген бағаның өзекті болмай қалған немесе Тапсырыс беруші өтінімді алып тастаған және т.б. жағдайда, Тауарлық комиссия тауарды жеткізуғе өтінім бойынша, Тендерлік комиссия жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге тиісті өтінім бойынша электрондық сауда-саттықтың күшін жою туралы мәселені қарастыратын болады.

11. Тапсырыс беруші Қатысуышыға қатысты қолданатын санкциялар

11.1 ЭСЖ-ға рұқсатты бұғаттау, ЭСЖ-дан шығарып тастау

11.1.1 Корпорацияның Тауарлық/Тендерлік комиссиясы кез келген уақытта ЭСЖ қатысуышы ретінде бұрын тіркелген тұлғаны, оның осы ережеде және/немесе нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда және/немесе егер мұндай тұлға Тапсырыс берушінің алдында өзі міндеттемелерін орындаған және/немесе тиісті түрде орындаған болса шығарып тастауға құқылы.

11.1.2 Кез келген қатысуышы ЭСЖ-да дұрыс ақпаратты енгізуге және ұсынуға міндетті. ЭСЖ қатысуышы жоғарыда көрсетілген талапты бұзған жағдайда, Тауарлық/Тендерлік комиссия үш айға электрондық сауда-саттыққа рұқсатты шектеуге (руқсатты бұғаттауға) немесе оны ЭСЖ қатысуышылары қатарынан алып тастауға құқылы.

11.1.3 Сауда-саттық процесінде ЭСЖ қатысуышы лот бойынша ұсынылған бағаны қате енгізген жағдайда, Тауарлық/Тендерлік комиссия мұндай қатысуышыға қатысты келесі айыппұл санкцияларын белгілейді.

ЭСЖ қатысуышы бағада қателескен кезде:

- бағада қатені жасау күнінен бастап мұндай қатысуышы Тауарлық комиссия шешімімен үш ай мерзіміне электрондық сауда-саттыққа рұқсатты шектейді (руқсатты бұғаттау).

11.1.4 ЭСЖ қатысуышы осы ереженің 7.3.11.3-тармағын бұзған жағдайда, Тауарлық комиссия шешімі бойынша мұндай қатысуышы үш ай мерзімге бұғатталуы мүмкін, ал бұзушылық қайталанған жағдайда Тауарлық/Тендерлік комиссия оны ЭСЖ қатысуышылары қатарынан алып тастау мәселесін қарауы мүмкін.

11.1.5 ЭСЖ қатысуышына немесе қатысуышыларына үміткерге қатысты өткізілген тексеру немесе тексеріске сәйкес КД немесе корпорацияның не болмаса Тапсырыс берушінің басқа да құрылымдық бөлімшелері ЭСБ-ға хат жолдаған және жағымсыз бедел және/немесе қатысуышының және/немесе оның лауазымды тұлғасының және/немесе оның құрылтайшысының адал екеніне күмәндану және/немесе қатысуышының РК мемлекеттік органдары және/немесе ұйымдары алдында және/немесе Тапсырыс беруші алдында қандай да бір өтелмеген мерзімі өткен берешегінің болу фактісі анықталған жағдайда, Тауарлық/Тендерлік комиссия мұндай өтінішті қарайды және бұзушылық жойылғанға дейін / санкцияларды қолдануды бастамалаған Тапсырыс беруші бұзушылықтарды жою туралы хат жолдағанға дейін электрондық сауда-саттыққа рұқсатты шектеу (руқсатты бұғаттау) туралы немесе ЭСЖ қатысуышыны алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.1.6 ЭСЖ қатысуышы ол өндіруші зауыт немесе өндіруші компанияның ресми өкілі (дилері) болып табылатынын растайтын құжаттарды берген және жоғарыда аталған құжаттардың жалған болу (жалған құжат жасау) және/немесе олардың берілуі расталмау фактісі анықталған жағдайда

Тауарлық/Тендерлік комиссия үш ай мерзімге электрондық сауда-саттықта рұқсатты шектеу (бұғаттау) туралы немесе ЭСЖ қатысушыны алып тастау туралы шешім қабылдауы тиіс.

11.1.7 Егер қатысушы төменде аталған міндеттемелерді орындауды бұзса, онда СҮ тиісті құрылымдық бөлімшесі ішкі электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы Тауарлық/Тендерлік комиссияда қатысушыға қатысты санкциялар қолдануды қарау үшін растаушы құжаттаманың қосымшасымен бірге хатты жолдайды.

11.1.7.1 Егер өткізілген электрондық сауда нәтижелері бойынша жеңімпаз болып танылған ЭСЖ қатысушысы жоғарыда аталған талаптарға сәйкес Тапсырыс берушінің тарапынан қол қойылған шарттың электрондық көшірмесін немесе түпнұсқасын алған сэттен бастап осы ережемен белгіленген мерзімде шарт жасамаса, Тауарлық/Тендерлік комиссия бір ай мерзімге атқарушылық санатын төмендету туралы немесе электрондық саудаға рұқсатты шектеу (бұғаттау) туралы немесе ЭСЖ-дан қатысушыны алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.1.7.2 Егер өткізілген электрондық сауда нәтижелері бойынша жеңімпаз болып танылған ЭСЖ қатысушысы сауда-саттық аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде шартқа қол қою үшін байланысқа шықпаса немесе наразылық хаттарға жауап бермесе, ЭСЖ KD арқылы жолданған жазбаша өтінішхаттың негізінде тиісті қатысушының электрондық сауда-саттықта рұқсатын мән-жайды анықтағанға дейін шектеу құқығын өзіне қалдырады.

11.1.7.3 Қатысушыға рұқсатты бұғаттаудан шығару туралы мәселе корпорацияның құрылымдық бөлімшесі ЭСБ-ға рұқсатты бұғаттаудан шығару туралы хатты немесе қатысушының жазбаша өтінішхатын (түсініктемелер және қажеттілігі кезінде телефонның дұрыс нөмірлерін ұсынумен) жібергеннен кейін ғана қаралуы мүмкін.

11.1.7.4 Егер электрондық сауда-саттық қорытындысы бойынша шартты жасасқан қатысушы құжаттар пакетін (екі тарап қол қойған шарттың түпнұсқасы, шот-фактураның түпнұсқасы және т.б.) ұсынбаған жағдайда, Тауарлық/Тендерлік комиссия шарттың талаптарымен қарастырылған барлық қажетті құжаттарды ұсынғанға дейін тиісті қатысушының электрондық сауда-саттықта рұқсатын шектеу (рұқсатты бұғаттау) құқығын өзіне қалдырады.

Корпорацияның тиісті бөлімшесіне барлық жетпейтін құжаттарды ұсынып, бұғаттауды бастамалайтын бөлімше кейін ескертулерді жою және рұқсатты бұғаттаудан шығару туралы хатты ЭСБ-ға жібергеннен кейін ғана Тауарлық-Тендерлік комиссия қатысушыға рұқсатты бұғаттаудан шығару туралы мәселені қаралуы мүмкін.

11.1.7.5 Егер атқарушылықтың үшінші санатына жататын сауда-саттық жеңімпазы осы ереженің 8.3.1-тармағының талаптарын орындамаса және/немесе өткізілген сауда-саттық қорытындысы бойынша шартты жасасудан және/немесе тауарды жеткізуден, жұмыстарды орындаудан/қызметтерді көрсетуден бас тартса және/немесе тауарды жеткізу және/немесе жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету бойынша

міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзуға жол берсе, Тауарлық/Тендерлік комиссия үш айлық мерзімге дейін электрондық сауда-саттыққа рұқсатты шектеу (бұғаттау) туралы немесе ЭСЖ қатысушылары қатарынан шығарып тастау туралы шешімді қабылдауға құқығы бар.

11.1.7.6 ЭСЖ қатысушысы электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша жасалған шартқа сәйкес корпорацияның сараптамалық қабылдау қызметінің қорытындысына (бас тарту актісі, тексеру актісі, наразылық актісі) сәйкес ұзак уақыт сақтауда (консервацияда) тұрған немесе пайдалануда болған ТМҚ жеткізген жағдайда Тауарлық комиссияның аталған факт бойынша тексеру жүргізіп, барлық мән-жайды анықтау үшін үш айға дейін мерзімге электрондық сауда-саттыққа рұқсатты шектеу (бұғаттау) туралы, факт расталған жағдайда ЭСЖ қатысушылары қатарынан шығарып тастау туралы шешімді қабылдауға құқылы.

11.2 Атқарушылық санатын төмендету

11.2.1 Егер өткен электрондық сауда-саттықтың нәтижелері бойынша жеңімпаз деп танылған ЭСЖ қатысушысы:

- Тапсырыс беруші тарапынан қол қойылған шарттың электрондық көшірмесін немесе түпнұсқасын алған мезеттен бастап осы ережемен белгіленген мерзімде жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес Тауарлық/Тендерлік комиссия хаттамасы негізінде шартты жасамайтын (қол қоймайтын) болса,

- электрондық сауда-саттықтың нәтижелері бойынша шартты жасасып, ТМҚ жеткізуден немесе жұмыстарды орындаудан/қызметтерді көрсетуден бас тартатын болса немесе оның тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын қажетті құжаттарды ұсынбаса;

- электрондық сауда-саттықтың нәтижелері бойынша жасалған шарт бойынша тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету бойынша шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындамауға (сапасы, көлемі, орындау мерзімдерінің бұзылуы, өтінілген атауына, техникалық күйіне сәйкеспеуі және т.б.) жол берген болса,

СҮ тиісті құрылымдық бөлімшесінің сатып алулар бойынша маманы, сондай-ақ корпорацияның немесе Тапсырыс берушінің өзге құрылымдық бөлімшелері ЭСЖ қатысушысына атқарушылықтың санатын төмендету (рұқсатты бұғаттау, ЭСЖ қатысушыларынан шығару) туралы мәселені ішкі тәртіпке сәйкес Тауарлық/Тендерлік комиссияның қарастыруы туралы хатты ішкі электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша ЭСБ-ға жолдауды қамтамасыз етеді.

Тауарлық/Тендерлік комиссия, СҮ тиісті бөлімшесінің немесе Тапсырыс берушінің хаты негізінде ЭСЖ қатысушысына атқарушылықтың санатын (рұқсатты бұғаттау, қатысушыларды ЭСЖ-дан шығару) төмендету туралы мәселені қарауы тиіс.

Егер атқарушылықтың санатын төмендету туралы мәселені қарастыру мезетінде, қатысушы атқарушылықтың үшінші санатында болатын болса,

онда Тауарлық/Тендерлік комиссия үш айға рұқсатты бұғаттау туралы немесе ЭСЖ-дан шығару туралы мәселені қарастыруға құқылы.

11.2.2 Тауарлық/Тендерлік комиссия атқарушылық санатын төмендету туралы шешім қабылдаған кезде қатысушыға атқарушылық санаты төмендетіледі:

- атқарушылықтың нөлдік санатынан атқарушылықтың екінші санатына;
- атқарушылықтың бірінші санатынан атқарушылықтың екінші санатына;
- атқарушылықтың екінші санатынан атқарушылықтың үшінші санатына.

11.2.3 Атқарушылықтың нөлдік санатымен, бірінші санатымен ЭСЖ қатысушысының шарттық міндеттемелерді бірнеше рет бұзы фактісі анықталған жағдайда, Тауарлық/Тендерлік комиссия осындай қатысушыны атқарушылықтың үшінші санатына дейін төмендету құқығын өзіне қалдырады.

11.2.4 СҮ мамандары ай сайынғы мерзімде электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша қатысушылардың шарт міндеттемелерін тиісті түрде орындауына мониторинг жүргізеді. Жабдықтау бойынша мамандар шарт міндеттемелерін тиісті түрде орындаамау фактілерін анықтаған жағдайда Холдингтің ішкі жергілікті актілеріне сәйкес Тауарлық/Тендерлік комиссия ЭСЖ қатысушыларына қатысты санкциялар қолдану туралы мәселені қарауга құқылы.

12. Атқарушылық санатын арттыру

12.1 Атқарушылықтың нөлдік санаты бар қатысушы, сонымен қатар атқарушылық санаты (атқарушылықтың екінші, үшінші санаты) бұрын төмендетілген қатысушы атқарушылық санатын көтеру туралы Тауарлық/Тендерлік комиссияның төрағасына етініш жасауға құқылы, бірақ осы ереженің 12.2-тармағы ескеріліп, сәйкесінше атқарушылықтың нөлдік санатында қатысушыны тіркеуден/ атқарушылық санатын төмендетуден кейін үш айдан ерте емес.

12.2 Қатысушы соңғы үш айда электрондық сауда-саттық нәтижелері бойынша тауар жеткізуге кемінде үш шартты немесе жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге бір шартты тиісті түрде орындаған және осы кезенде жасалған басқа шарттар бойынша міндеттемелерді бұзы фактілері, сонымен қатар тауарды уақытылы жеткізбеу, жұмыстарды уақытылы орындаамау және/немесе қызметтерді уақытылы көрсетпеу және/немесе шарттың талаптарымен көзделген талаптарға сәйкес келмейтін тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету фактілері болмаған жағдайда, орындалған шарттардың көшірмелері, сонымен қатар өзге растаушы құжаттар қоса беріліп, орындалған шарттардың тізбесін көрсете

отырып, Тауарлық/Тендерлік комиссияның төрағасына жазбаша өтінішхатты жолдайды.

12.3 Атқарушылық санатты көтеру туралы қатысушының өтінішхатын ЭСБ жауапты маманы KD арқылы корпорацияның Сауда Үйінің мұдделі бөлімшелері мен Тапсырыс берушіге келісуге жіберіледі. Сауда Үйінің мұдделі бөлімшелері мен Тапсырыс берушінің келісу мерзімі бес жұмыс күнінен артық болмауы керек.

12.4 Сауда Үйінің мұдделі бөлімшелері немесе Тапсырыс беруші корпорациямен немесе Тапсырыс берушімен жасалған шарттық міндеттемелерін адаптациядау фактісін және жағымсыз ақпараттың жоқтығын растаған жағдайында, Тауарлық/Тендерлік комиссия отырысында өтінішхат жолдаған қатысушының атқарушылық санатын көтеру туралы мәселе қаралатын болады:

- атқарушылықтың нөлдік санатынан атқарушылықтың бірінші санаты құрамына;
- атқарушылықтың екінші санатынан атқарушылықтың бірінші санаты құрамына;
- атқарушылықтың үшінші санатынан атқарушылықтың екінші санаты құрамына.

12.5 Сауда Үйі жұмыскерлері немесе Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелерді оң орындау фактілерін растамаған жағдайда және/немесе басқа шарттар бойынша бұзушылықтар болғанда, Тауарлық/Тендерлік комиссия отырысында қатысушыға атқарушылықтың санатын көтеру жөнділігі туралы немесе атқарушылық санатын көтеруден бас тарту туралы мәселе қаралатын болады.

13. ЭСЖ-дан шығарылған қатысушыларды қайта енгізу

13.1 ЭСЖ-дан шығарылған қатысушы Тауарлық/Тендерлік комиссия төрағасына қажетті құжаттарды және/немесе түсіндірмелерді қоса тіркеп, ЭСЖ қатысушысы ретінде қайта кіруге сұрау салумен өтініш жасауға құқылы, бірақ ЭСЖ-дан шыққан күннен бастап алты айдан ерте емес.

13.1.1 ЭСЖ шыққан күннен бастап алты айдан ерте емес өтініш жасау мерзімі нұсқаулыққа сәйкес қайта тіркеуден өтпеу немесе бұрын ұсынылған мәліметтерді өзектендіруге Өтінішті ұсынбау себебінен ЭСЖ шығарылған қатысушыларға қолданылмайды.

13.2 Егер КД үйғарымы бойынша қатысушы шығарылған болса, онда ЭСБ шығарылған қатысушыны қайта енгізуге өтінішті қарау және келісу үшін КШБД-ға жолдайды. Тауарлық комиссия қатысушыны ЭСЖ-ға қайта енгізу туралы хаттаманы ұсынған/жіберген кезде комиссияның хатшысы тиісті хаттамаға КД-ның келісіүін тіркейді. Қатысушыны ЭСЖ-ға қайта енгізу туралы шешімді Тауарлық/Тендерлік комиссия қабылдайды.

13.3 Егер компания СҰ немесе Корпорацияның не Тапсырыс берушінің өзге құрылымдық бөлімшелерінің өтініші бойынша шығарылса, онда ЭСБ

алынып тасталған қатысушыны қайта енгізуге өтінішті СҮ келісуге немесе қатысушыны алып тастауға бастамашы болған Корпорацияның немесе Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесіне қарау және келісу үшін жібереді. Тауар комиссиясына қатысушыны ЭСЖ-ға қайта енгізу туралы хаттаманы ұсынған/жіберген кезде комиссия хатшысы тиісті хаттамаға бастамашының келісімін бекітеді. ЭСЖ-ға қатысушыны қайта енгізу туралы шешімді Тауарлық комиссия қабылдайды.

13.4 Шығарылған қатысушы қайта енгізу туралы хатпен өтініш жасаған және ЭСЖ қатысушысы ретінде қайта енгізуге корпорация немесе Тапсырыс беруші тарапынан бас тартуды алған жағдайда, шығарылған қатысушы қайта кіргізуге бас тартуды алған мезеттен бастап алты айдан ерте қайта кіргізу мәселесі бойынша қайтадан өтініш жасауға құқысыз.

13.4.1 Осы ереженің 13.4-тармағы бұзылған жағдайда ЭСЖ шығарылған қатысушының қайтадан түскен өтінішін қарамау құқығын Тауарлық/Тендерлік комиссия өзіне қалдырады.

13.5 Тауарлық/Тендерлік комиссия шығарылған қатысушыны қайта кіргізу мәселесі бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда және ол бір жылдан артық мерзім бұрын шығарылған кезде, мұндай қатысушы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қайта тіркеу үшін құжаттарды ұсынуы қажет.

ЭСЖ-ға қайта кіру нұсқаулыққа сәйкес қайта тіркеу рәсімінен өткеннен кейін ғана іске асырылатын болады.

13.6 Тауарлық/Тендерлік комиссия шығарылған қатысушыны ЭСЖ-ға қайта кіргізу мәселесі бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда, мұндай қатысушы атқарушылықтың үшінші санатында қалпына келтіріледі.

14. Ереженің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құраушысы

14.1 Егер ЭСЖ қатысушысының/ЭСЖ қатысушыларына үміткердің ойынша пара беру немесе алу, коммерциялық парага сатып алу, сонымен қатар қылмыстық жолмен алынған табысты заңдастыруға (жылыстатуына) қарсы әрекет жасау туралы, сонымен қатар сыйбайлас жемқорлықпен күресу саласында КР заңнамасының және халықаралық актілердің және т.б. талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асыру сияқты жіктеуге болатын әрекеттер оған қатысты Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғаларының тарапынан қолданылатын болса, онда ЭСЖ қатысушысы (ЭСЖ қатысушыларына үміткер) дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінде шараларды тиісті қарастыру және қабылдау үшін корпорацияның КД-ға өтінішхатты жолдауға немесе «Speak Up» заңнаманың бұзылуы туралы хабарлау қызметін пайдалануға құқылы болады.

14.2 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

- Әрбір Тарап (бұл термин осы ережелердің мақсаттары үшін, әрбір Тараптың барлық жұмыскерлері, агенттері, өкілдері, үлестес тұлғалары, сонымен қатар олар тартатын немесе олардың атынан әрекет ететін басқа тұлғаларды қамтиды) осы Шарт бойынша жеткізілетін (көрсетілетін)

тауарлармен (жұмыстар, қызметтер) байланысты екінші Тарапқа, оның жұмыскерлеріне, агенттеріне, өкілдеріне, әлеуетті клиенттеріне, үлестес тұлғаларына, сондай-ақ басқа Тараппен тартылатын немесе оның атынан әрекет ететін басқа тұлғаларға, мемлекеттік қызметкерлерге, үкіметаралық ұйымдарға, саяси партияларға, жеке тұлғаларға және өзге де тараптарға («Тартылған тараптар») пара (шектеусіз, кез келген төлем түрін, сыйлықтарды және басқа да мүліктік пайдаларды, сыйақылар мен женілдіктерді (ақшалай немесе кез келген құндылықтар түрінде) қоса алғанда) бермейтініне және беруге тырыспайтынына келіседі.

- Эрбір Тарап екінші Тарапқа осы Шартты жасасу күніне дейін осы Шартқа байланысты басқа Тараппен белгілі бір іскерлік қарым-қатынастарды орнату және (немесе) мерзімін ұзарту мақсатында Тартылған тараптарға пара бермегені және беруге тырыспағаны туралы мәлімдейді және кепілдік береді.

- Эрбір Тарап, ол құрылған немесе тіркелген және өзінің іс-әрекетін жүзеге асыратын барлық елдердің парақорлыққа және ақшаның жылыстауына қарсы заңдарымен танысқандығымен және көрсетілген заңдарды сақтайтындығымен келіседі және қабылдайды.

- Эрбір Тарап парақорлыққа және ақшаның жылыстауына қарсы қолданылатын заңдарды басқа Тараптың бұзынына әкелетін қандай да бір іс-әрекеттерді жасамауға және өзі біле тұра жасалуына жол бермейтіндігімен келіседі.

- Тараптар олардың бухгалтерлік құжаттамаларында, осы Шарт бойынша жасалатын барлық төлемдердің дәл көрсетілетіндігімен келіседі.

- Егер Тараптың біріне парақорлық пен сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы осы ережелердің біреуінің нақты немесе болжамды бұзушылығы туралы мәлім болса, ол тез арада екінші Тарапқа сол туралы хабарлауға және осы іс бойынша жүргізілетін тергеуде жәрдемдесуге тиіс.

- Тараптар өздерінің қызметкерлеріне парақорлық фактілерінің немесе паралы беру әрекеттерінің алдын алу үшін қажет сыйайлар жемқорлықпен құрес бойынша саясат пен процедураларды өзірлеуге және оларды ұстануға құқылы.

Әрбір Тарап осы Шарт аясында тараптардың атынан, олар болған жағдайда, сөз алтын компаниялардың парақорлық фактілерінің немесе паралы беру әрекеттерінің алдын алу бойынша процедуралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

- Тараптар осы Шарттың басқа да ережелерімен қарастырылған, шартты бұзу (орындаудан бас тарту) құқықтарына қосымша ретінде, басқа Тарап парақорлық пен сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы осы ережелердің бұзған жағдайда, бұзбаған Тараптың осы Шартты тез арада бұзынына (орындаудан бас тартуға) құқылы екендігіне келіседі, бұл кезде басқа Тарап, оның бұзылуына дейін осы Шарт бойынша тиісті түрде жеткізілген (орындалған, көрсетілген) тауарлар (жұмыс, қызмет) үшін парақорлық пен сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы осы ережені бұзуға байланысты емес төлемдерден өзге, осы Шарт аясында қандай да бір қосымша төлемдерді талап етуге құқығы жок.

- Егер мұндай төлем парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы осы ережелерді басқа Тараптың бұзымен байланысты болса, әрбір Тарап, осы Шарт бойынша басқа Тарапқа тиесілі болуы мүмкін қандай да бір төлемді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерден босатылады.

- Тараптардың әрқайсысы, компанияда жүргізілетін саясатқа сәйкес, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде мәжбүрлі енбек етуді, құлдық немесе адамдарды саудалау қолданылмайтынына кепілдік береді, сондай-ақ, Тараптардың білуінше, мәжбүрлі енбек, құлдық немесе адамдарды саудалау олардың тікелей жеткізушілерінің операциялар жүргізуінің бөлігі болып табылмайды. Тараптар осы шарттың қолданыста болуының барлық мерзімінде көрсетілген кепілдіктерді қаншалықты мүмкін соншалықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдады және де келешекте қабылдайтын болады.

15. Қорытынды ережелер

15.1 Осы Ереже талаптарын бұзған жағдайда осы ережеде қарастырылған өз міндеттерін тиісті түрде орындаған кінәлі тұлғалар ҚР қолданыстағы заңнамасы мен Корпорацияның немесе Холдингтің ішкі жергілікті актілеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілік көтереді.

15.2 ЭСЖ-ға орналастырылған сайттағы ақпарат пен сатып алулар туралы деректер корпорацияның менишігі болып табылады. Корпорация басшылығының келісімінсіз үшінші тұлғаларға сайттан ақпаратты және ЭСЖ-да орналастырылған сатып алу туралы деректерді пайдалануға тыйым салынады. Осы тармақты бұзған тұлғалар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік артады және, егер мұндай ЭСЖ қатысушылары болып табылса, Тауарлық/Тендерлік комиссия шешімі бойынша ЭСЖ қатысушылары құрамынан кез келген уақытта шығарылуы мүмкін.